Жаркент Айнасы

№3 (71),
17 ақпан,
бейсенбі, 2022 жыл,
jar-aina@mail.ru

Қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық газет

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мырзаның назарына

СҮПТАЙЛЫҚ ОҚУШЫЛАР БАЛАБАҚШАДА ОҚИДЫ

Жазиралы Жаркент өңірінде Жаскент ауылдық округіне қарасты Сүптай деген ауыл бар. Аудан орталығынан төтелеп тартсаңыз 15-ақ шақырым жол жүресіз. Алайда ауыл іргесіндегі Тышқан өзеніне салынған көпірді баяғыда сел бұзып кеткендіктен, бұл жолмен жеңіл көлік жүре алмайды. Сүптайға бару үшін Бірлік ауылдық округіне қарасты Алтыүй, Нәдек ауылдарын айналып, кем дегенде 30 шақырым жолды көктеп өту керек. Бұрын Орталық ауылдық кеңесіне қарап, кейін іргелес Бірлік ауылдық округіне өткен, одан кейін жаңадан құрылған Жаскент ауылдық округіне беріліп, жан-жағындағыларға допша домалаған бұл елді мекенде қордаланған проблема көп.

Бұл ауыл осыдан оншақты жыл бұрын мемлекеттік арнайы бағдарлама бойынша «Болашағы жоқ елді мекендер» тізіміне еніп, біраз тұрғындары өздерінің қалауы бойынша Жаркент қаласы мен жаңадан бой көтерген Нұркент ауылында салынған тұрғын үйлерге көшірілген. Сол көшке ермей ауылында қалған ел өсіп-өніп, бүгінде бірқауым ел болып отыр. Мұны осындағы оқушы санының жыл санап өсіп, 200-ге жуықтағанынан-ақ байқауға болады. Көтерейік деп отырған мәселеміз де осы ауылдағы жас ұрпақтың көне балабақша үйінде қысылып-қымтырылып, сонау 1998 жылдан бері білім алып келгені.

Түсінікті болуы үшін әңгімені әріден бастасақ, өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында қытайдан көптеген қандастарымыз, олармен бірге ұйғырлар мен дүнгендер үдере көшіп шығады. Өндірісіне жұмыс күші жетіспейтін кейбір жергілікті басшылар шет елден ауып келгендерді үгіттеп, шаруашылығына шақырып, ауылдарына ел қондыра бастайды. Кейін екі мәрте Еңбек Ері атанған Николай Головацкий осы Сүптай ауылына біраз оралманды әкеліп қоныстандырып, шаруашылығында жаңа өндіріс бригадасын құрады. Дала өндірісінің білгірі Сүптай ауылы тұрғындарының әлеуметтік мәселелерін біртіндеп шеше бастаған. Сол кездегі ауылдағы оқушы санына орай спорт залы, шеберханасы, оқу бөлмелері бар 80 орынды мектеп салғызып, 1971 жылы пайдалануға береді. Одан кейінгі жылдарда «Қазанның 40 жылдығы» аталған шаруашылықтың басқа ауылдарындағыдай Сүптай ауылына да жаңа мәдениет үйі, 120 орынды қос қабатты балабақша, мәдениет үйі, почта тағы басқа да әлеуметтік нысандар салынған.

Уақыт озып, көне тозып дегендей, кезінде қуатты ұжымшардың қаржысына салынған әлеуметтік нысандармен қатар ауыл мектебі де уақыт тезіне шыдамай қабырғалары қақырап, жылу жүйесі жарамсызданып, жалпы пайдалануға болмайтын апатты жағдайға жетті. Бұл мәселе «Алматықұрылыс сараптама» ЖШС 2011 жылы 18 қазанда берген техникалық қорытындысы бойынша көне мектеп үйі апатты және пайдалануға жарамсыз деп танылған. Жылу жүйесі жоқ болғандықтан 1998 жылы күзде оқушылар ауылдағы екі қабатты 120 орынды балабақшаға көшіріледі. Қазір осы балабақша ғимаратындағы 8 сынып бөлмесінде екі ауысымда 195 оқушы қысылып-қымтырылып білім алуда. Ауыл тұрғындарының арманы Сүптайға жаңа мектеп салынып, балаларымыз кең, жарық, жылы орында алаңсыз білім алса дейді. Көптен бері шешімі табылмаған осы мәселені ауылдастар биыл да облыстық Білім басқармасының алдына тартып, жаңа мектептің сметалық жобасын жасатуға қаржы сұрайды. Бұрынғы орынынан жаңа мектепті салуға 1,5 гектарға жуық жер телімі бар. Білім басқармасының айтар жауабы алдағы уақыттың еншісінде.

Осы кезге дейін ауданымызды басқарған талай әкім-қара назар аудармаған бұл мәселеге ауыл тұрғындары ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың араласқанын қалайды. Өйткені Президент араласпаса бұл істің қашан қолға алынары белгісіз. Аудан әкімдігінен үміт жоқ, облыстың жыры белгілі.

Болашағымызға баланатын балалар «Болашақпен» шетелде білім алуға талпынып жатса, біздің Сүптайлық оқушылар әлі күнге «балабақшадан» шыға алмай жүр. Болашақ үшін бәріміз жауаптымыз десек, Жаңа Қазақстанды Сүптайлық оқушылар сырттай тамашалап отырсын демесек, бұл ауылдағы білімге құштар балалардың «садикте» білім алып жатуы баршамыз үшін де ұятты іс.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ,
журналист.

Менің қазір тарихқа көбірек көңіл бөліп жүргенім неліктен? Ағаш биіктеп өскен сайын тамыры жерге тереңдеп бойлай береді. Адам да сондай. Ол болашағын неғұрлым көп ойласа, өткенін соғұрлым көп білгісі келеді. Олай етпейінше, болашақты жасау мүмкін емес.

Ілияс ЕСЕНБЕРЛИН

«ЖЕТІ АТАНЫҢ» КӨЗДЕГЕН ІЗГІ МҰРАТЫ НЕДЕ ЖАТЫР?

Жер жаһанға тарыдай шашылған түркі тілдес халықтар арасында қазақ сияқты «руын, жеті атасын» жіліктей жіктеп, өзінің кейінгі ұрпағына өсиет етіп қалдыратын халықты өз басым көрген де, естіген де емеспін. Кім біледі, мүмкін әлемнің бір түпкірінде ондай халықтар да бар шығар.

Жасыратыны жоқ кейінгі жылдары «Жалайыр» шежіресі, «Албан» шежіресі, «Суан» шежіресі тағы басқа да көптеген шежіре кітаптар жарық көрді. Өкініштісі «Ру, шежіре деген не сөз? Бұл терминдер қайдан шықты? Қазақтың «Жеті атасының» сыры неде? Оның көздеген түпкі мақсаты не?» деген сияқты толып жатқан сауалдарға ғылыми түрде дәйекті жауап беретін көптеген ғалымдарымыздың ғылыми еңбектерінің осы шежіре кітаптарға кірмей қалғанына қынжыласың. Алайда, ғалымдардың шежіреге қандай қатысы бар деген орынды сұрақ туындауы мүмкін. Қатысы болғанда қандай! Мәселен, «адам» деген сөзді алайық. Бұл көне еврей тіліндегі «адама» деген сөзден шыққан термин. Ал, енді «қызыл» деген сөз – адам. Сонда, бұл сөздердің жалпы мағынасы – топырақ адам. Жұмбағы көп өмірдің құпия сырларына ой көзімен тереңірек үңіліп қарайтын, санасында саңлауы бар адам көне еврей тілінде жазылған «Таурат» діни аңыз кітабындағы «Адам ата, Хауа ана» жайындағы аңыз әңгіме бірден есіне оралары сөзсіз. Мен мұны жәй мысал ретінде келтіріп отырмын. Ал енді, ғалымдарымыз не үшін газет, журнал, кітапқа шұқшия қарап, көз майларын тауыса ғылыми еңбектер жазады? Бәрі де халық игілігі үшін емес пе? Сол игіліктің қызығын көру керек. Яғни, пайдалану керек. Бұл біздің болашақ ұрпақ үшін өмірдің құпия сырларын танып-білуге, оның мән-мағынасын тереңірек түсінуге ықпал етері сөзсіз.

(Жалғасы 6-бетте)

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЕЛДІҢ ТҰРМЫСЫН ҚҰРҒАҚ СӨЗБЕН ЕМЕС, НАҚТЫ ІСПЕН КӨТЕРУ КЕРЕК

2-3 - бет

ҚАЛМАҚТАРҒА ҚОЛДЫ БОЛҒАН ҚАРАМЕҢДІ БИ

4-5 - бет

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЕЛДІҢ ТҰРМЫСЫН ҚҰРҒАҚ СӨЗБЕН ЕМЕС, НАҚТЫ ІСПЕН КӨТЕРУ КЕРЕК

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бүгінгі «Qazaqstan» ұлттық арнасына берген сұхбаты көкейдегі көп сауалға нақты жауап беруімен ерекшеленді. Сондықтан сіздердің назарларыңызға Президентпен болған сұхбаттың толық нұсқасын жариялап отырмыз.

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, «Qazaqstan» ұлттық телеарнасына сұхбат беруге келісім бергеніңіз үшін Сізге көп рахмет. Сіздің алдыңғы сұхбатыңыз орыс тілінде болды. Баспасөз хатшыңыздың айтуынша, ол сұхбат халықаралық аудиторияға арналған. Бұл жолы қай аудиторияға арналады? Осындай бөле-жару қазақ тілін кемсіту болып есептелмей ме?

– Бұл ешқандай да кемсітушілік немесе менсінбеушілік емес. Осыған дейін көптеген телеарна менен бірнеше рет сұхбат беруді сұраған болатын. Мен олардың ешқайсысына келіскен жоқпын. Кейін тек «Хабар» арнасына ғана сұхбат беремін деп шештім. Себебі ел ішінде көптеген жалған ақпарат тарап жатты, соларға тоқтау салу керек болды. Сол сұхбат орыс тілінде жасалды. Өйткені Қазақстандағы ахуал жөнінде шынайы ақпаратты, ең алдымен, әлем жұртшылығына тарату керек еді. Содан кейін шетелдік ақпарат құралдары сұхбатты кеңінен таратып, барынша пайдаланды. Оны өзіңіз білесіз. Қалай десек те, орыс тілі – Біріккен Ұлттар Ұйымының алты ресми тілінің бірі. Оны мойындауымыз керек. Ал қазақ тіліндегі сұхбаттың өз аудиториясы бар. Жалпы, мемлекеттің мәселесін мемлекеттік тілде айтуымыз керек. Тіліміз бізден басқа ешкімге керегі жоқ. Сондықтан ең алдымен, өзіміз ана тілімізге құрмет көрсетуіміз керек деп ойлаймын.

– «Қаңтар қасіретіне» келейік. Жыл басындағы қанды оқиға, өкінішке қарай, көп адамның өмірін жалмады. Митингке шыққандардың бәрі лаңкес пе? Негізі, адамдар басында бейбіт шеруге шықты емес пе?

– Әрине, бастапқыда бейбіт шерулер болды. Мұны бәріміз көрдік. Еліміздің әр аймағында азаматтар алаңға жиналып, өз талаптарын айтты, тіпті, наразылықтарын білдірді. Шынын айтсақ, әуелде ешқандай қирату, қылмыстық әрекеттер болған жоқ. Бірақ жағдай кейін мүлдем басқа арнаға бұрылып кетті. Арандатушылар мен қарақшылар пайда болды. Олардың шынайы мақсаты бейбіт митингке қатысу емес, билікке шабуыл жасау болды.

Бір сөзбен айтқанда, соңына қарай алаңға нағыз лаңкестер шықты. Бүлікшілер мыңдаған қару-жарақты ұрлап кетті. Қазіргі уақытта полиция оларды іздеп жатыр. Әзірге түгелдей табылған жоқ. Бұзақылар сол қарудан тағы да адам атуы әбден мүмкін. Сонда мұны кім істеді деген сұрақ туады? Кім жасады? Бейбіт шеруге шыққандар ма? Шын мәнінде, бұл – кәсіби қарақшылардың ісі.

– Сонда олар қайдан пайда болды?

– Мен осы сұраққа бірнеше рет жауап бердім. Мұның алдын ала жоспарланған әрекет екені анықталды. Арнайы дайындықтан өткен қылмыстық топтар, лаңкестер оқиғаның бел ортасында жүріп, қарақшыларды, құқық бұзушыларды басқарды. Әрине, бұзақы топтардың арасында бейбіт азаматтар да болды. Енді оларды, лаңкестерден, қарақшылардан бөліп алуымыз керек. Бұл – өте күрделі мәселе. Мұның бәрін тергеу жұмыстары анықтайды. Жалпы, мына нәрсені дұрыс түсінуіміз керек. Алаңға шыққандардың бәрін түгел бейбіт шеруші деп айтуға болмайды. Бұл – ешқандай ақылға сыймайтын нәрсе. Көзі ашық, ары таза адам мұндай жалған тұжырымға ешқашан сенбейді. Ең алдымен, лаңкестер жағдайды ушықтырды. Олардың мақсаты – елдің тұтастығын бұзу, халықты қорқыту. Ал бейбіт шерушілер солардың қармағына түсті. Қазір сол кінәсіз азаматтардың құқығын қорғауымыз керек. Мен әрбір іс бойынша мұқият тергеу жүргізу керек деп айттым.

Адамдардың құқығын бұзған тұлғалар жазаға тартылады. Біз бұған қажетті шараның бәрін қабылдаймыз. Еш күмән болмасын.

– Сонда бұл оқиғаларды біз қалай сипаттауымыз керек? Бұл өзі төңкеріс пе, жоқ әлде билікке қарсы бейбіт шеру ме немесе басқаша ма? Қалай атаймыз?

− Бұл оқиғаны ел ішінде әртүрлі атап жүргенін білемін. Қалай болғанда да біз қаралы, қасіретті күндерді бастан өткердік. Оны мойындауымыз керек. Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде көптеген сынаққа тап болдық, оның бәрін ел болып еңсердік. Бірақ дәл осындай қарақшылардың қатығез әрекетін көрген жоқпыз. Еліне, жеріне адал қызмет ететін, нағыз отаншыл азаматтар мұндай опасыздыққа бармайды. Бұл – анық нәрсе.

Ашығын айту керек, жағдайды өздерінің жеке мүддесіне пайдаланғысы келген адамдар төңкеріс жасауға талпынды. Француз тілінде осындай әрекетті coup d'etat деп айтады. Бұл – төңкеріс деген сөз. Елдігімізге, мемлекеттік тұтастығымызға, халқымыздың қауіпсіздігіне қарсы жасалған әрекет болды. Әрине, халыққа әлі де көп нәрсе түсініксіз. Қарапайым азаматтар өздерінің сүйікті қаласын өз қолымен қиратпайтыны белгілі. Қарақшылар, лаңкестер Алматыға сырттан келді. Мақсат белгілі: кісі өлтіру, қорқыту, дүкендерді тонау, әйелдерді зорлау, ақыр соңында билікті құлату.

– Олар билікке неге қарсы шықты?

– Мәселе мынада: төңкерісшілер елімізде қолға алынған реформаларға кедергі келтіруге тырысты. Тіпті Президентке де қарсы болды. Өзгерістер олардың мүдделеріне тиімді емес еді. Өйткені реформалардың басты мақсаты – әділетті қоғам орнату, монополияларды жою, саяси трансформация жасау, еліміздің экономикалық дамуын жеделдету. Халық та осыны талап етіп отыр. Сондықтан, бағытымызды өзгертпейміз, реформалар міндетті түрде өз жалғасын табады.

– Сіз тергеу жұмыстарының жүріп жатқанына жаңа тоқталдыңыз. Дегенмен алдын ала тергеу нәтижелері жөнінде айта аласыз ба?

– Қазір өте ауқымды тергеу жұмыстары жүргізілуде. Бас прокуратура нақты ақпаратты жүйелі түрде жариялап жатыр. Қандай да бір нәтиже туралы айтуға әлі ерте. Бұл – өте күрделі мәселе. Қазір тергеу құпия түрде жүргізіліп жатыр. Өйткені бұл өте ерекше іс болғандықтан біраз уақыт керек. Көп ұзамай халқымызды мазалап отырған сұрақтарға міндетті түрде жауап беріледі. Бәрі де айтылады. Халықтан ештеңені жасырып қалмаймыз. Қазір тек мына нәрсені ғана айта аламын. Бұл біздің халқымыздың қауіпсіздігіне, еліміздің тұтастығына төнген қауіп болды.

– Адамдардың құқықтарының қорғалуына байланысты жаңа ғана өзіңіз айтып өттіңіз. Енді осыған тоқталайық. Күлбілтелемей бірден айтсақ, бұл – азаптау фактілері туралы. Өзіміз де көрдік. Әлеуметтік желілердегі видеоларды, жазбаларды сай-сүйегің сырқырап қарайсың. Әсіресе арқасына үтік басылған талдықорғандық Азамат Батырбаев деген жігітке қатысты. Осыдан хабардарсыз ба?

– Иә, бұл мәселе жөнінде жақсы білемін. Кейбір азаматтарымыз менің атыма бейнеүндеу жазып, әлеуметтік желілерде таратып жатыр. Мұны да біліп отырмын. Осыған байланысты мен Ішкі істер министрлігі мен Бас прокуратураға арнайы тапсырма бердім. «Шаш ал десе, бас алатын» әрекеттерге жол беруге болмайды. Қоғамдық комиссиялар өз жұмысына кірісіп кетті. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Эльвира Әзімова, белгілі құқық қорғаушылар: Айман Омарова, Жеміс Тұрмағамбетова, Абзал Құспан және басқа да заңгерлер жиналып, арнайы комиссиялар құрды. Олар әр істің заңдылығын қарап жатыр. Қоғамдық комиссияларға сенімсіздік көрсетуге ешқандай себеп те, хақымыз да жоқ. Билік те, құқық қорғау органдары да жұмыстарына араласпайды. Мен де араласпаймын.

Әрбір құқық бұзушылық дерегі бойынша шаралар қабылданады. Кінәлі адамдар жазаға тартылады. Мен үшін азаматтарымыздың құқығы аса маңызды. Әсіресе қазіргі таңда мұны ең маңызды мәселе деп айтуға болады. Әрбір іс бойынша әділ шешім шығару мен үшін негізгі принцип болып табылады.

– Ал бұзақыларға қатысты қандай іс-шаралар қабылданады?

– Бұзақылар туралы мәселеге келсек, кейбір адамдар жазықсыз азаматтарды еш себепсіз қамауға алды деп ойлайды да, осындай жалған ұрандарды ел ішінде таратады. Бірақ мынаны ұмытпауымыз керек: олардың ішінде лаңкестер де, қылмыскерлер де бар. Қараңызшы, мыңдаған адам қаланы қиратып, нағыз террористік әрекеттерге барды. Бірақ қазір бәрі жай ғана бейбіт азаматтар болып шықты. Бұған кім сенеді? Жалпы, лаңкестерді, қарақшыларды халық қаһармандары, батырлары деп айтуға болмайды. Бұл – ешқандай шындыққа келмейтін жалған уәж. Егер біз ақиқатына көз жеткізбей, олардың айтқанына сенетін болсақ, елімізге тағы бір үлкен қауіп төндіреміз. Бұл – қарақшыларды Қазақстанға шақыру деген сөз. Сондықтан аталған мәселеде біз өте сақ болуымыз керек. Әрбір іс бойынша мұқият тергеу жүргізуіміз қажет.

– Ресейдегі бірқатар сарапшы елімізде болған оқиғаға қатысты «Төңкерісшілердің мақсаты Президент Қ.Тоқаевты Қазақстаннан қуып шығу немесе тұтқынға алу» деген болжам жасады. Сол рас па? Бірақ Сіз олардың жоспарын жоққа шығардыңыз. Осыған байланысты Өзіңіз қандай нақты түсініктеме берер едіңіз?

– Бәлкім, бұл Ресейдің барлау қызметінің көзқарасы шығар. Бұл рас та болуы мүмкін. Олар біздің еліміздегі оқиғаларды мұқият бақылап отырады ғой. Қалай десек те, арнайы жасақталған қарулы бандалар билікті басып алғысы келді. Сондықтан шетелдік сарапшылар айтқан пікірдің жаны бар деп ойлаймын. Дегенмен барлығына байыппен қарап, салмақты баға беру қажет. «Сабыр түбі – сары алтын» деп халқымыз бекер айтпаған. Бізге керегі – асығыс шешім шығарып, істі жауып тастау емес, міндетті түрде ақиқатқа көз жеткізу. Бұл – менің алдыма қойған мақсатым.

– Сіз Владимир Путинге қоңырау шалып, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының әскерін Қазақстанға шақырдыңыз. Бұл еліміздің дербестігін, егемендігін Ресейге телу деген сөз емес пе? Соларды шақырмаса болмайтын ба еді өзі? Қазір осы шешіміңізге өкінбейсіз бе?

– Өкінбеймін. Бұл – ешқандай да өкіндіретін шешім емес. Керісінше дұрыс шешім болды деп ойлаймын. Өйткені қарулы қарақшылар Алматыны қиратып, өзге қалаларға қауіп төндірді. Осы қарулы контингент болмаса, лаңкестер басқа да қалаларды басып алар еді. Қарулы шайқастар Талдықорғанда, Таразда, Шымкентте, Қызылордада орын алды. Елордада лаңкестердің дайындық жұмыстары байқалды, олар тіпті Ақордаға шабуыл жасауға дайын болды.

Кейбір беделді сарапшылардың айтуынша, лаңкестер Қазақстанның басты екі қаласын басып алуды жоспарлаған. Бұл – Сириядағы сценарийге ұқсас жоспар. Сол елде лаңкестер Дамаск пен Ракканы басып алуға әрекеттенген еді.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының әскерлері біздің елде бір де бір оқ атқан жоқ. Оны ашық айту керек. Олар тек негізгі стратегиялық нысандарды күзетіп тұрды. Осы кезде біздің күштік құрылымдар іске кірісіп, қарулы лаңкестерге тосқауыл қойды. Арамызда тек тығыз байланыс пен үйлесім болды.

Ал енді «Путинге қарыз боп қалдық» дегенге келсек, бұл – бос әңгіме. Оны доғару керек. Біріншіден, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының контингенті В.Путиннің немесе Ресейдің жеке әскері емес. Бұл ұйымның әскери құрамы оған мүше елдердің бәріне ортақ. Онда Ресейден бөлек, Беларусь, Армения, Тәжікстан және Қырғызстанның әскери бөлімдері бар. Қазақстан да – осы ұйымның толыққанды мүшесі әрі негізін қалаушысы. Сондықтан бәрі – заңды, қисынды.

Ресейге келсек, бұл алпауыт ел өзінің геосаяси мүддесін де қорғады. Қазақстанның тұрақтылығы Ресейге өте қажет. Мұны дұрыс түсінуіміз керек. Қазақстан мен Ресей – стратегиялық серіктестер. Арамызда шынайы достық пен өзара сенім болуы керек. Басқа саясат ұстансақ, екі елдің стратегиялық мүддесіне нұқсан келтіреміз. Жалпы, біз ешкімге ештеңе де қарыз емеспіз. Қазақстан – егемен мемлекет. Сондықтан саясатымыз да дербес.

– Сонда да көрші елдің кейбір журналистері «Ресей Қазақстанды құтқарды» деп жазып жүр....

– Жаңа ғана айтып өттім, Ресей – Қазақстанға жақын орналасқан серіктес мемлекет. Осындай жағдайда оның бізге көмекке келуі айтпаса да түсінікті. Мұны құтқару емес, ортақ мүддемізді қорғау үшін жасалған іс-әрекет деп түсінуге болады. Бұл – бір. Екіншіден, аталған мәселеге геосаяси ахуал тұрғысынан да қарау керек. Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы – бәрімізге ортақ құрылым. Ресей және Ұйымға мүше мемлекеттер Қазақстанның ғана емес, өздерінің де қауіпсіздігін ойлады. Сол үшін көмек қолын созды.

– Жалпы, Қазақстанның Ресеймен қарым-қатынасы қандай болуы керек? «Мәскеу біздің жерімізге көз алартып жүр, солтүстік облыстарды тартып алады» деген пікірлер де айтылады...

– Бірінші сұрағыңызға қатысты айтар болсам, Қазақстан мен Ресей арасында мәңгі тату көршілік туралы келісім бар. Ресей – ғасырлар бойы қатар өмір сүріп келе жатқан құдайы көршіміздің бірі. Қазақтың тағдырына осылай жазылған. Мұны біз өзгерте алмаймыз. Саяси, сауда-экономикалық және мәдени байланыстарды нығайта беруіміз керек. Бұл, ең алдымен, Қазақстанның стратегиялық мүддесіне сай келеді.

Екінші мәселе. Иә, расында да, кейбір ресейлік саясаткерлер тарапынан «Қазақстанның солтүстік облыстарындағы жерлер біздікі» деген сөздер айтылды. Бірден кесіп айтайын. Бұл – ақылға сыймайтын, орынсыз пікір. Ресми билік, яғни Кремль, әрине, бұл уәжді қолдамайды.

Екі елдің басшылығы арасында жер мәселесіне қатысты ешқашан дау туындаған емес. Маған В.Путиннің өзі «жерге қатысты ешқашан мәселе көтермейміз» деп айтқан. Сондықтан алаңдайтын ешнәрсе жоқ. Шекарамыз толық айқындалған, бекітілген. Бұл ақиқатты бүкіл әлем мойындайды. Екі елдің арасындағы байланыстарға сызат түспеген. Ресей Президенті осындай қағидаттарға адалдығын, беріктігін көрсетті.

– Түсінікті. Енді «Қаңтар қасіретіне» қайта оралсақ, халықтың көбі Тұңғыш Президентке және оның отбасына қатысты наразылығын білдірді, тіпті ашу-ызаға толы пікірлер айтылды. Себеп белгілі. Сіз өзіңіз Мемлекет басшысы ретінде осы жағдайдан қандай сабақ алдыңыз?

– Мәселеге жан-жақты қарайтын болсақ, халық наразылығының астарында өткір әлеуметтік мәселе жатыр. Халықтың көбінің әлеуметтік жағдайы төмен. Бұл – ақиқат. Мемлекеттің тұтас байлығы аз ғана топтың қолында. Теңсіздік белең алуда. Наразылықтың түп-тамыры осыдан басталды. Бұл мәселе туралы мен Парламентте, басқа да жиындарда айттым.

Өкініштісі, азаматтардың наразылығын лаңкестер мен қылмыскерлер пайдаланып кетті. Бұған бәріміз куә болдық. Расында, әлеуметтік желіде Тұңғыш Президентіміз туралы әртүрлі ойлар айтылып, жазылып жатыр. Қанша адам болса, сонша пікір болады.

Мен Мемлекет басшысы ретінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 30 жылдық еңбегін жоққа шығаруға болмайды деп ойлаймын. Тарихқа қиянат жасамау керек. Нұрсұлтан Назарбаев – мемлекетіміздің іргесін қалаған, мемлекеттігімізді нығайтуға зор үлес қосқан тұлға. Оның қызметіне әділ баға беруге міндеттіміз. Тұңғыш Президенттің кемшіліктері болса, одан жас басшылар сабақ алуы қажет. Қаңтар оқиғасы елімізге де, менің өзіме де үлкен сабақ болғаны сөзсіз. Тиісті қорытынды жасалды. Қазір елімізде қабылданып жатқан саяси шешімдер − соның нәтижесі. Алдымызда өте көп жұмыс бар. Мұны барлығы көріп, біліп отыр деп ойлаймын.

– Иә, соңғы кездері көптеген ауыс-түйіс болды. Соның ішінде Ерболат Досаевты Алматы қаласының әкімі етіп тағайындаған шешіміңізге наразы тұрғындар митингке шықты. Бұл шешімді қайта қарау ойыңызда бар ма?

– Ондай ойым жоқ. Алматы – еліміздегі ең ірі, ерекше шаһар. Қаланың ахуалы, тұрғындардың әл-ауқаты менің жеке назарымда. Қаңтар оқиғасы кезінде қаланың экономикасы зардап шекті. Азаматтардың және бизнес иелерінің дүние-мүлкі тоналды. Көптеген нысан өртелді, қиратылды. Соның бәрін қалпына келтіру керек. Бұл – оңай шаруа емес. Сондықтан осындай жауапты жұмыс жаңа әкім Ерболат Досаевқа жүктелді, қолынан келеді деп үміттенемін. Себебі оның бизнес саласында, мемлекеттік қызметте тәжірибесі мол. Іскер, еңбекқор адам. Жұмыс істеуіне мүмкіндік берген жөн деп ойлаймын.

– Осы сияқты басқа да біраз кадрлық өзгерістер болып жатыр. Бірақ әкімдердің басым көпшілігі әлі орнында отыр. Олардың жағдайы қалай болмақ? Алдағы уақытта облыс әкімдері сайлана ма?

– Жалпы айтқанда, кадрлық ауыс-түйіс – үздіксіз жалғаса беретін үдеріс. Лауазым мәңгілік дүние емес. Жұмыстың жаңа талабына икемделе алмаған адамдар қызметтен кетуге мәжбүр болады. Олардың орнын жаңа кадрлар басады. Әкімнің бәрін ауыстыру менің негізгі мақсатым емес. Әкімдердің жұмысына жан-жақты талдау жасалады. Негізгі талап – азаматтардың әл-ауқатын арттыру. Сондықтан қажеттілік болса, тиісті кадрлық шешімдерді қабылдаймын. Міндетті түрде өзгерістер болады.

Мен 2020 жылы халыққа Жолдауымда алғаш рет ауыл әкімдерін сайлау туралы айттым. Көп ұзамай ауыл әкімдерін сайладық. Былтырғы Жолдауымда «Келесі қадам – аудан әкімдерінің сайлауы» деп айттым. Оны 2024 жылы өткіземіз. Бәлкім, пилоттық жоба ретінде келесі жылдан бастасақ, орынды болар.

– «Жаңа Қазақстанды» құрамыз деп отырмыз. Бірақ бұрынғы жүйеде жұмыс істеген адамдар қызметке қайта тағайындалып жатыр. Жұрт ескі мамандармен жаңа Қазақстанды қалай құрамыз дейді. Бұл туралы не айтар едіңіз?

– Негізі, кадр мәселесі өте күрделі әрі аса маңызды. Расында, көп нәрсе білікті кадрларға байланысты. Менің бастамам бойынша Президенттік жастар кадрлық резерві құрылды. Кадрлық резервке өткен азаматтар біртіндеп жауапты қызметке тағайындалып жатыр. Әрине, мұнымен шектелуге болмайды. Басқа да адамдарға жол ашуымыз керек.

Жалпы, мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талап өте жоғары болуға тиіс. Кез келген адам бірден министр немесе әкім бола салмайды. Ол анық нәрсе. Біраз уақыт, мол тәжірибе керек. Ондай лауазымға білімді, білікті, қызметіне адал азаматтарды тағайындаған жөн. Бұрынғы мамандардың бәрін жұмыстан шығару дұрыс болмас еді. Орысша «политическая чистка», яғни «саяси тазалауға» барудың қажеті жоқ. Мемлекеттік басқару саласына бірте-бірте жаңа мамандар келеді. Келіп те жатыр. Бұл – қалыпты үдеріс. Бірақ бір нәрсені есте ұстаған жөн. Мемлекеттік қызмет – эксперимент алаңы емес! Сондықтан бұл жұмысты бірте-бірте жүргіземіз.

– Алдыңғы сұхбатыңызда Сіз елімізде кадр тапшылығы бар екенін айттыңыз. Шын мәнінде, көптеген білікті мамандарымыз шетелде жүр. Білім қуып, кәсіп іздеп кеткендер де бар. Шетелдегі отандастарымызды Қазақстанға шақыру ойыңызда бар ма? Жалпы, бұл іске асуы мүмкін дүние ме?

– Расында шетелде жүрген білікті мамандарымыз аз емес. Бұл үшін ешкімді айыптауға болмайды. Қазір – жаһандану заманы. Адам қай жерде сұранысқа ие болса, сол жерге барып жұмыс істеуге қақы бар. Оған ешкім кедергі жасамайды. Біз өз саласында табысқа жеткен азаматтарды бұған дейін де шақырғанбыз. Елге қайтып келген отандастарымыз да бар. Бірақ шындығын айтуымыз керек, елімізге білімі жоғары, парасатты адамдар керек. Жалпы, адами капитал жоғары болуы қажет. Жалпақ тілмен айтсақ, Отанымызға келген адамдардың сапасы неғұрлым жоғары болса, елімізге соғұрлым тиімді болады.

Жалпы, бәріміз еңбекқорлықтың, біліктіліктің идеологиясын көтеруіміз керек. Ұлтымыз дүние жүзінде, ең алдымен, еңбекқор, жұмысқа адал ұлт ретінде мойындалатын болса, бұл экономикамызға оң әсер етеді. Масылдықтан, жалқаулықтан алшақ болуымыз қажет. Сонда ғана Жаңа Қазақстан тұжырымдамасы іске асады. Меніңше, біз бұрын үлкен идеологиялық қателік жібердік. Шетелге, яғни Орталық Азиядан Ресейге кеткен жұмысшыларға күліп, «Қараңыздар, олар қара жұмыспен айналысуға мәжбүр болды, ал бізге келгенде, бірде-бір қазақ шетелде жұмыс істемейді, жайбарақат жүрміз» деп қатты мақтандық. Кез келген еңбекті жоғары бағалау қажет, солай емес пе? Бүгінгі күні Орталық Азиядағы жұмысшылар Ресейде еңбек етіп, күн көріп жатыр. Ал біздікілер еңбек бәсекесіне шыдай алмайтын болды. Өкінішке қарай, бұл – «сырьевое проклятье», яғни «шикізатқа тәуелді болудың» салдары.

– Тағы бір маңызды дүниеге назар аударсам деймін. Сіз «мемлекет ақпараттық соғыста жеңілді» дедіңіз. Елдегі журналистика деңгейіне көңілі толмайтындар көп. Мұның бір себебі, ақпарат құралдарына мемлекет қатаң бақылау жасайды дейді олар. Біз демократиялық қоғам құрамыз десек, БАҚ саласын шын мәнінде «төртінші билік» деңгейіне көтеруіміз керек емес пе? Осы туралы ойыңызды ортаға салсаңыз.

– Жалпы, қазақ журналистикасының деңгейі төмен деп айтуға болмайды. Керісінше қазақ журналистикасының деңгейі жоғары екені күмәнсіз. Қаңтар оқиғалары кезінде ақпараттық вакуум болды. Оны кәсіби тұрғыда дайындалған ланқестер, қылмыскерлер өз мүддесіне пайдаланды. Интернетті бұғаттауға мәжбүр болдық. Бұл – әлемдік практика. Бірақ басқа да ақпарат құралдарымыз бар ғой. Содырлар кейбір теле-радио арналардың ғимаратын өртеп, қиратты. Одан басқа ақпарат құралдары үздіксіз хабар таратты. Ешқандай шектеу болған жоқ.

Ал баспасөз бостандығына келсек, бізде заң бойынша цензура жоқ. Ақпарат еркіндігін барынша қамтамасыз етіп жатырмыз. Бірақ еркіндік деген ойыңа не келсе, соны айту емес. Кез келген демократиялық елдерде жалған ақпарат таратқан адам жауапқа тартылады. Мен әрбір журналист, ең алдымен, мемлекетшіл азамат болуы керек деп санаймын. Осы орайда Н.Некрасовтың: «Ақын болу шарт емес, азамат болу – міндетің» деген қанатты сөзі бар. Сондықтан әрқайсымыз еліміздің патриоты болуға тиіспіз.

Қазақтың «Айтылған сөз – атылған оқ» деген даналығы бар. Осы ретте, өкінішке қарай, кейбір журналистер жалған ақпарат таратып, елдің мүддесіне қарсы жұмыс істейді. Қазіргі заманда блогерлер көбейіп кетті. Олардың кейбір әрекеттері кері әсер етеді. Бір блогерлер жақсы жазады. Ал екінші біреулері мәселенің байыбына бармай, зерттемей, үстірт қарайды. Дегенмен азаматтарымыз ақ пен қараны ажырата алады деп ойлаймын. Расында, «ақпараттық соғыс» бүкіл әлемде болып жатқан үрдіс. Сондықтан біз де оған бейімделуіміз керек.

– Сіз осы күзде саяси реформалар ұсынатыныңызды айттыңыз. Жоспарыңыз сол қалпында ма? Түбегейлі өзгерістер күтуге бола ма?

– Қандай түбегейлі өзгерістер болатынын қазір айта алмаймын. Бірақ біраз өзгеріс болады. Бұл туралы Мәжілісте сөйлеген сөзімде айттым. Мен бастапқыда жаңа саяси реформаларды күзде жариялаймын деп ойлағам, бірақ саяси реформаларды наурыздың ортасында халыққа Жолдауымда ұсынатын болдым. Қазіргі таңда жұрт реформаларды зор үмітпен күтіп отырғанын білемін. Сондықтан «Жаңа Қазақстанды бірге құрайық» деп үндеу жолдадым. Онда айтылған мәселелерді көпшілік қолдап отыр.

Жалпы, кез келген қиындықтың артында үлкен мүмкіндіктер тұр. Қытай тіліндегі «дағдарыс» деген сөздің «жаңа мүмкіндіктер» деген мағынасы бар. Осы ретте біз де күш-қуатымызды Отанымызды өркендетуге жұмсайық.

Әрине, азаматтық қоғаммен, дербес сарапшылармен ауқымды диалог жүргізу керек. Өйткені халықтың пікірі өте маңызды. Мен «Адамдар мемлекет үшін емес, мемлекет адамдар үшін» деген ұстанымды жарияладым. Осыған байланысты Үкіметке тиісті ұсыныстар дайындауды тапсырдым.

– Соңғы кезде олигополия деген терминді көп пайдаланып жүрсіз. Оны көпшілік әлі түсіне қойған жоқ. Дүйім жұрттың бәрі оны толығымен түсінеді деп айту қиын. Түптеп келгенде, бұл сөздің мағынасы неде? Соны айтыңызшы?

– Олигополия – бұл экономика саласындағы саны шектеулі адамдардың үстемдігі деген сөз. Бізде осындай үрдіс белең алуда, көпшілік, әсіресе, кәсіпкерлер оны жақсы біледі. Бұл шынайы бәсекеге, жалпы айтсақ, әділеттілікке кедергі болып отыр. Осы мәселені шешпесек, экономикамыз дамымайды, ішкі саяси ахуал мүлдем нашарлап кетеді. Сондықтан менің басты мақсатым – экономикада болсын, саясатта болсын, монополияны мейлінше жою. Одан біржола құтылған жөн. Бұл, әрине, оңай емес, бірақ міндетті түрде осы жұмысқа кірісуіміз керек. Басқа жол жоқ.

– Сіздің пікіріңізше, бүгінгі қоғамымыздың алдында тұрған ең маңызды мәселе қандай?

– Қоғамдағы ең маңызды мәселе – заң үстемдігін қамтамасыз ету. Өкінішке қарай, заңды мойындағысы келмейтін азаматтар аз емес. Басқаша айтсақ, құқықтық нигилизм белең алуда. Ағаларымыз «Тәртіпсіз ел болмайды» деп баяғыда айтқан болатын. Менің ұстанымым: қоғамда заң мен тәртіп болса ғана, ел ішінде үйлесім, бейбіт өмір болады. Заң – кез келген өркениетті қоғамның басты өлшемі. Заң үстемдік құрғанда ғана әділетті қоғам қалыптасады. Біз міндетті түрде бұған қол жеткізуіміз керек. Бұл – менің нақты ұстанымым.

– Сіз Үкіметтің отырысында шетелге заңсыз шығарылған қаражатты Отанымызға қайта әкелу керек деп тапсырма бердіңіз. Бұл тапсырма қашан орындалады? Соның мерзімдері туралы айта аласыз ба?

– Мен Үкіметке тиісті тапсырма бердім. Бұл мәселе бойынша Үкімет екі айдан кейін маған нақты ұсыныстарын айтады. Содан кейін жұмыс басталады. Аталған мәселе бойынша ауқымды сараптама жасау керек. Онсыз болмайды. Содан кейін шетелдегі тиісті мекемелермен келіссөздер жүргізуге кірісеміз. Бұл өте күрделі әрі ұзақ уақытқа созылатын жұмыс болатын сияқты. Оны ашық айтқан жөн. Бірақ әділдікке жету үшін осы жұмысты бастау керек. Шетелге заңсыз шығарылған қаражатты елге қайтаруға тиіспіз.

– Сіз екі мерзім ғана Президент қызметін атқаруыңыз мүмкін екенін айттыңыз. Олай болса, келесі сайлауға қатысатыныңыз анық қой?

– Бұл мәселе Конституциямызда жазылған. Президентке екі мерзім берілген. Оны бұзуға болмайды. Наурыздағы Жолдауымда, мүмкін, осы маңызды мәселе жөнінде өз пікірімді айтармын. Ал бірақ қазір сайлауға барамын ба, бармаймын ба, оны айта алмаймын.

– Сіздің ойыңызша, Қазақстанның болашағы қалай болады? Кешегі оқиғалардан кейін көпшілігімізге «Егемендігімізді сақтап қала аламыз ба?» деген ой келгені рас...

– Біздің халқымыз талай «тар жол, тайғақ кешуді», қилы заманды басынан өткерген. Қиындықтың бәрін жеңген. Кешегі қасіретті оқиға кезінде халқымыз бірлігін көрсетті. Осы құндылықты келешек ұрпаққа аманат етуіміз керек.

Қазақстанның болашағы жарқын болатыны сөзсіз. Мен бұған кәміл сенемін. Біздің бір ғана Отанымыз бар. Басқа Отанымыз жоқ. Болмайды да. Еліміздің Тәуелсіздігі бәрінен қымбат. Бұл – аксиома, ақиқат. Оны көздің қарашығындай сақтау – ортақ парызымыз.

Ал егемен ел дегеніміз қандай ел? Бұл – әлемдік үдеріске бейімделген біртұтас халық. Дербестігін жалаң сөзбен немесе ұранмен емес, нақты іспен дәлелдей білген ел. Демек, «Егемендікті сақтап қаламыз ба?» деген күмәнді ой ешкімде болмауы керек. Ол қисынсыз тұжырым, қисынсыз сөз. Керісінше, әрқайсымыз «Тәуелсіздігімізді қалай бекем ұстап қаламыз?» деп ойлануға тиіспіз.

Тілімізге келсек, оны да сақтап қаламыз. Басқаша болмайды, себебі тарихымыздағы ең күрделі кезеңдерде тіліміз көзі ашық ағаларымыздың, қарапайым халқымыздың арқасында аман қалды. Дегенмен тіл реформасын жасауымыз керек. Мәселе латын графикасына жедел түрде көшуде емес. Бұл іске байыппен қараған жөн. Сараптама жасалуға тиіс. Қисынсыз нәрсенің пайдасы жоқ. Әсіресе тілге келгенде, асығыстық танытуға болмайды. Себебі бұл өте нәзік дүние.

– Жұртымыздың қандай жақсы қасиеттерді бойға сіңіргенін қалар едіңіз?

– Бұл туралы мен жаңа да айттым. Дегенмен бұл – өте маңызды мәселе, сондықтан қайталап айтайын. Біз қоғамда еңбекқорлық идеясын орнықтыруымыз керек. Турасын айтайық, бұл қазір ең өзекті мәселе болып тұр. Азаматтарымыз адал еңбекпен табыс табуды ең басты, орынға қоюы қажет. Бақуатты ел болу биліктің жұмысына ғана емес, ол ең алдымен, әрбір азаматтың еңбегіне байланысты. Елдің тұрмысын құрғақ сөзбен емес, нақты іспен көтеру керек. Біздің жастарымыз осыны айқын ұғынса деймін. Елімізде белгілі теріс факторларға қарамастан, тиімді, пайдалы жұмыс атқаратын мүмкіндіктер аз емес. Жақсы мен жаман туралы ұлы Абайдан асырып ешкім айта алмас. Сондай-ақ ойшыл ақынның «талап, еңбек, терең ой, қанағат және рақым» деген даналығының да мәні зор. Бұл қағида бізге, әсіресе осы заманда ауадай қажет.

– Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіз күнделікті қандай ақпарат көздерін пайдаланасыз? Теледидар, мерзімді басылым, әлеуметтік желілер...

– Мерзімді баспасөзді үзбей қараймын. Бұл – менің бұрыннан қалыптасқан дағдым. «Егемен Қазақстан», «Айқын», «Астана ақшамы» газеттерін оқимын. «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Жас қазақ», «Түркістан» газеттерін де міндетті түрде оқып тұрамын. Жалпы, мен көп оқитын адаммын. Жақсы мақала немесе сұхбат көрсем, астын сызып оқуға тырысамын. Өзекті мәселе байқасам, оған қатысты нақты тапсырма беремін. Әлеуметтік желідегі өткір жазбаларды да үнемі шолып отырамын. Ал теледидардан жаңалықтар мен сараптамалық бағдарламаларды көремін.

– Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіздің «Әке туралы ой-толғау» кітабыңыздың желісі бойынша бір продюсерлік орталық кино түсіргелі жатыр екен. Осыған қатысты не айтасыз?

– Менің кітабымдағы оқиғалардың негізінде кино түсіргелі жатқанын оқыдым. Бұл туралы ешкімге ешқандай тапсырма берген жоқпын. Бермеймін де. Мұндайды қаламаймын. Бірақ өзім жазған «Әке туралы ой-толғау» кітабынан бас тартпаймын, мазмұнды туынды деп есептеймін. Себебі жастарға да пайдалы дүние. Бұл – менің әке-шеше алдындағы перзенттік борышым.

– Шығармашылығыңызға қатысты тағы бір сұрақ. Сіз негізінен, дипломатия, сыртқы саясат туралы бірнеше кітап жаздыңыз. Солардың ішінде Елбасының тұлғасына арналған «Ол тарихты жасап жатыр» деген туындыңыз бар. Қазіргі таңда сол кітапты жазғаныңызға өкінбейсіз бе? Бұдан басқа, жаңа кітаптар жазу жоспарыңызда бар ма?

– Өкінбеймін. Тұңғыш Президентіміздің еңбегі туралы кітапқа келсек, қазақта «Өткен іске өкінбе» деген сөз бар. Мен көптеген оқиғаға куә болған адаммын. Сондықтан қағазға түсіргенді жөн көрдім. Оқырмандардың пікірінше, кітаптарым жоғары деңгейде жазылған. Мысалы, әлі күнге дейін студенттер менің кітаптарымнан қажетті мағлұматын алып, пайдаланып жүр.

Жоспар туралы айтсақ, кейбір ойларымды тұртіп қойып, күнделік жазатыным бар. Мүмкін, болашақта қажет болар. Келешекте қазіргі өміріміз туралы ауқымды кітап жазу ойымда бар. Амандық болса жазамын.

– Жақында Сіз Тұңғыш Президент туралы заңға енгізілген өзгертулерге қол қойдыңыз. Яғни Елбасының бірқатар өкілеттілігі сол заңмен тоқтатылды. Онда Қауіпсіздік Кеңесі мен Қазақстан халқы Ассамблеясын өмір бойы басқару және басқа да баптар бар. Жалпы, осы мәселеге Өзіңіздің көзқарасыңыз қандай?

– Бұл түсінікті нәрсе. Бұрын осындай заңдар қабылданды, қазіргі таңда олардың қажеттілігі шамалы. Оны ашық айту керек. Келешекте осындай заңдар қабылдаудың қажеті жоқ деп есептеймін. Бұрынғы олқылықтар болса да, бұл – біздің тарихымыз. Бәріміз тарихтан сабақ алуымыз керек. Біздің мақсатымыз – еліміздің болашағы, өскелең ұрпақтың қамы туралы ойлау. Басқа сөз жоқ.

– Қасым-Жомарт Кемелұлы, бүгін арнамызға уақытыңызды бөліп, берген сұхбатыңыз үшін Сізге рахметімді айтқым келеді. Сұхбат соңында көрермендерге, жұртшылыққа не айтасыз?

– Расында, бүгін жақсы, мазмұнды сұхбат болды деп ойлаймын. Халыққа айтарым, бұл дүниеде қазақтардың тағдырын тек өзіміз ғана шешеміз. Біз үшін жалғыз ғана мемлекет бар, ол – Қазақстан. Бұл – біздің қасиетті Отанымыз. Басқа Отанымыз жоқ. Отанын қорғау, халқының амандығын сақтау – әр азаматтың борышы. Осыны ұмытпауымыз керек. Қазақ елі жасай берсін!

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, сұхбат бергеніңіз үшін тағы да рахмет айтамын.

Әңгімелескен Жайна СЛАМБЕК

ҚАЛМАҚТАРҒА ҚОЛДЫ БОЛҒАН ҚАРАМЕҢДІ БИ

Ендігі әңгіме Қарамеңді бидің Мұрат тегінен тарайтыны жөнінде болмақ. Мұраттан: Егізек, Қарамеңді, Қарабек, Әпсүгір, Шегірек тарағаны және олардың «бес Мұрат» деп аталғаны шежіре деректерден белгілі *[Смәділұлы Матан. Суаннан шыққан сегіз би: Шежіре. –Алматы: «Жалын» ЖШС, 1997. -144 б. (10 б.); Болатхан Нұрғалиұлы Құтты қоныс және Суан ұрпақтары –Алматы, 2002. -42 б. (12 б.); Төреханов Айбын Әдепханұлы. «Би Салпық». –Алматы. -2020. -256 б. (11 б.);]***. Біз Мұрат бабаның Қарамеңді би ұрпағынан тараймыз.**

Енді Қарамеңді бидің қай тарихи кезеңде өмір сүргенін анықтау міндеті тұрады. Жазба мәліметтерге сүйенетін болсақ, Қарамеңді би Мұратұлы бір деректерде XYI ғасырда өмір сүрген деп берілсе *[Жақыбаев Әдепхан Төреханұлы. Суанның билері мен батырлары//Үшқоңыр газеті №27 (338), 7 шілде, 2017.(6 б.)]*, екінші деректе XYII-XYIII ғг. аралығында өмір сүрген саяси тұлға ретінде айтылады *[Өскенбай Әуесхан Рақымжанұлы. Қарамеңде шежіресі. –Алматы: «Асыл кітап», 2018. -200 б. (3 б.)]*. Тарихи мәліметтерге негізделе келе, біз Қарамеңді би Мұратұлының ғұмыр кешкен дәуірін XYII-XYIII ғг. аралығында қарастырған шындыққа сай келеді деген сенімдеміз. Қарамеңді бидің тікелей ұрпақтарының пайымдауынша, бабаның туылған жылын шамамен – **1655** жыл деп, ал дүниеден өткен жылын **1749/1750** жылдар деп шамалаймыз. Сонда Қарамеңді би Мұратұлы **95/96** жасында дүниеден қайтқан болады. Дей тұрғанмен, Суан Мұратұлы Қарамеңді би бабаның туылған жылы мен қайтыс болған жылдары жөніндегі мәліметтерді анықтау мәселесі тұрады. Мұны әлі де болса нақтылау керек болады деп ойлаймыз. Өкінішке қарай ол жөнінде не ауызша, не жазба деректерде ешқандай мәлімет жоқ. Бұл тұста бізге жанама материалдарға сүйенуге тура келеді.

Ауызша, жазба деректердің айтуынша Суан тайпасы құрамындағы Қарамеңді би Мұратұлы Әбілхайыр, Тәуке, Әбілмәмбет, Абылай, Жолбарыс сынды хандар, Төле (1657-1756), Қазыбек (1659-1765), Әйтеке (1644-1700), Ескелді (1695-1770), Балпық (1694-1784) сынды билермен, Жауғаш, Өтеген, Жәнібек, Қабанбай, Наурызбай, Бөлек, Сатай, Елшібек, Елтінді сияқты батырлармен замандас, тағдырлас болып, елі мен жерінің талан-таражға түскен тарихын бір кісідей арқалаған қазақтың біртуар азаматы, Суанның алғашқы биі болған, батырлығымен де ел жадында сақталған, XYII-XYIII ғг. ғұмыр кешкен. Сонымен бірге, хан кеңесшісі, хандықтың ішкі және сыртқы саясатын жүзеге асырушы, мәмілегер, елшілік қызметтер атқарған өз заманының айтулы әлеуметтік-саяси тұлғасы болғанына тарих куә. Сондықтан да Қарамеңді би Мұратұлының өмірі, қоршаған ортасы, заманы туралы тарихи шындығын анықтау әрі оны талдап, бағалаудың руханимәдени, саяси-әлеуметтік маңызы зор. Бұл ретте жеке, негізсіз, дәйексіз пікірлерге бой алдырмай, дерек көздерінде сақталған жанама және тікелей тарихи оқиғалардың жүйесі әрі желісімен жаңылмай ой тарқату аса маңызды. Сонда ғана би бабаның өмірі, тарихи кезеңі, ортасы туралы шынайы тұжырымдар жасауға болады.

Осы ретте дәйектік жазба құжаттың бірі ретінде Қарамеңді би Мұратұлына байланысты жанама деректерді Абылай хан дәуірімен байланыстыра қарастырған мәліметтерді алуға болады. Мәселен, белгілі жазушы-ғалым Сәрсенбі Дәуітовтің Қазақ ССР Ғылыми кітапханасының сирек кездесетін қолжазбалар қорынан *(№1060, №657 папка)* алынып, тұңғыш рет Парасат журналының 1991 жылғы №8 санында жарияланған «Тарихи сөздер» дерегінде: «Абылай қазаққа хан болған. Суан Қареке деген би болған. Абылай ханның жігіт уақытында ол өзі кәрі кісі болған. ...Абылай он сегіз жасында... Орта жүзге хан болып, артынан үш жүздің баласына хан болған» *[Сәрсенбі Дәуітов. Тарихи сөздер // Парасат, 1991. №8. (8 б.)]*, - деген жолдар бар. Осындағы Қареке би деген сол біздің бабамыз Қаремеңде би Мұратұлы екені даусыз. Оған дәлел, біріншіден, ел аузында қалған сөзде ол кісіні құрметтеп Қареке деп атағаны бүгінгі күге дейін айтылып келеді.

Қарамеңді би Мұратұлының саяси-әлеуметтік тұлғасын анықтар тұста, Отандық тарихтың білгір зерттеушісі ғалым, әл-Фараби атындағы Ұлттық Университеті, тарих факультеті, Қазақстан кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Б.Б.Кәрібаевтың: «Тарих ғылымындағы аса маңызды қағидалардың біріне – «тұлғаны тану үшін оның өмір сүрген заманын білу керек» деген қағида жатады» *[Кәрібаев Б.Б. Ер Әжібай жөнінде//«Ұлы даланың Ұлы тұлғалары: Әжібай батыр Найманбайұлының тәуелсіздік жолындағы күрескерлік ерлігі мен өнегелі істер» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. –Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» баспасы, 2021. -264 б. (38 б.)]*, - дегеніне қосыламыз. Сондай-ақ, **Қазыбек бек** бабамыз айтқандай: «Тауарих – дәлдікті, дәлелді білдіретін, содан мағлұмат берер ілім. Тауарих жазуға өткен заманның һәмма жазбаларын қарау болар, білел болар» *[Тауасарұлы Қазыбек бек. Түп-тұқианнан өзіме шейін: Басп. дайындаған Б.Қыдырбекұлы –Алматы: Жалын, 1993. -416 б. (26 б.)]*, - деген өсиетін назарда ұстаймыз.

Осы ретте, **Қарамеңді би Мұратұлы өмір сүрген дәуірдің жалпы сипаттық ерекшелігіне** назар аударуды жөн санаймыз. Жоғарыдағы заңдылықты ескерсек, Қарамеңді би Мұратұлы өмір сүрген бұл – XYII-XYIII ғ. дәуірі профессор **Б.Б.Кәрібаевтың** айтқанындай, «Қазақ Елі тарихындағы өте күрделі кезеңге жататыны» *[Кәрібаев Б.Б. Ер Әжібай жөнінде//«Ұлы даланың Ұлы тұлғалары: Әжібай батыр Найманбайұлының тәуелсіздік жолындағы күрескерлік ерлігі мен өнегелі істер» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. –Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» баспасы, 2021. -264 б. (39 б.)]*, - тарихта қабылданып, мойындалған шындық. Оны Қарамеңді би Мұратұлының ұрпағы Матан Смәділұлының: «Қараменде (Қарамеңді – Д.С.) би мен оның дәуірі біздің тарихымыздағы ең талмауыр тұсқа дәл келеді. ...Қазақтар өз өмірінде ауыр да қиын кезеңді бастан кешіп отырған болатын. ...Жау жағадан алып тұрған, аумалы-төкпелі заман болатын» *[Смәділұлы Матан. Суаннан шыққан сегіз би: Шежіре. –Алматы: «Жалын» ЖШС, 1997. -144 б. (15 б.)]*, - деп жазғаны да растай түседі.

Біздің зерттеу мәселеміз түптеп келгенде қазақ-жоңғар қатынасы дәуіріне тікелей байланысты болады. Бұл жерде, оқырманға түсінікті болу үшін қазақ халқының қалмақтарды алғаш ойраттар, кейін жоңғарлар деп атағанын айта кету керек. Мұнада үш терминнің: «ойрат», «қалмақ», «жоңғар» бір ғана «ойрат» этносы атауының әртүрлі халықтардың (моңғол, мұсылман-орыс және қытай) әдеби-тарихи деректерінде әртүрлі аталуынан қалыптасқан ұғымдарды білдіретіні айтылады *[Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи (XYII-XYIII вв.). –Алма-Ата: Гылым, 1991. -238 с. (7-8 бб.)]*.

Дегенмен, ойрат-қалмақтардың қазақ жеріне шабуылы айтылған деректерде оның басталуы мерзімдік тұрғыда әртүрлі датаны көрсетеді. Осы қазақ даласы үшін күрделі, еларалық текетіреске толы, жаугершілік кезеңнің хоронотроптық тізбегіне үңілсек, жазба деректердегі мәліметті **төрт топқа** бөлуге болады. Деректердің бірінші легінде «қазақ-жоңғар» қатынасы сонау XY ғасырдағы «қазақ-ойрат» текетіресінен бастау алғанын айғақтайды. Мәселен, «Қазақ батырлары» атты еңбекте: «XY ғасырдың 50-жылдары ойраттардың қалмақ тайпасының билеушісі Үз-Темір тайшы өкілдерімен іргелес жатқан қазақ даласына шабуыл ұйымдастырады» *[Қазақ батырлары. Ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен. Құрастырған К.Табылдиев. –Астана: Фолиант, 2008.. -360 б. (336 б.)]*, - деген мәлімет айтыла келіп: «XY ғасырдың 70-жылдары ойраттардың шабуылы жиілей түсті» *[Қазақ батырлары. Ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен. Құрастырған К.Табылдиев. –Астана: Фолиант, 2008.. -360 б. (336 б.)]*, - деп түйінделеді. Демек, бұл құбылыс осы кезде В.А.Моисеевтің сөзімен айтқанда: «жүйелі түрде тұрақты сипат алған» *[Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи (XYII-XYIII вв.). –Алма-Ата: Гылым, 1991. -238 с. (9 б.)]*.

Ал **Қазыбек бек Тауасарұлы:** «Ойраттар 850-жылы (**1472** ж. – Д.С.) Масаншы тайшысы кезінде қазақ жеріне шабуыл жасады да, Іленің оң жағалауында Жүніс хан жеңіліп, Сыр бойына кетті. Осыдан кейін-ақ ойраттар біздің жұртты билеп, илеп алды» *[Тауасарұлы Қазыбек бек. Түп-тұқианнан өзіме шейін: Басп. дайындаған Б.Қыдырбекұлы –Алматы: Жалын, 1993. -416 б. (190 б.)]*, - деп алдыңғы ойды бекіте түседі. Қазыбек бек Тауасарұлы қазақ-ойрат ұрысының басталу себебін де атап өтеді. Мәселен, ол: «Алғашқы ойратпен ұрыстың басы Торғауыттар мен Дүрбіттердің шығыстан батысқа жылжуына байланысты болды. Қазақ ордасына қарап келген бұл қалмақ ұрулары аяқ астынан бүлінді. Көшіп бара жатып жұртымыздың терістігіндегі ауылдарына шабуылдап өтті. Сөйтіп өздері көп қырылып, Еділдің Хазарға құяр тұсына қоныс тепті. Енді олар Орыс патшасына қарады да қала берді. Олардың о бастағы ойлары мүлдем басқадүр. Олар қазақ жерін айнала қоршап алып, ұрыс салу, сөйтіп, билік жүргізу олардың арманы болды. Бірақ ...батысқа бара жатқан жолын орыстар кесіп, ...олар 975-жылы (1598 ж. – Д.С.) орысқа ант берді, бодан болды...» *[Тауасарұлы Қазыбек бек. Түп-тұқианнан өзіме шейін: Басп. дайындаған Б.Қыдырбекұлы –Алматы: Жалын, 1993. -416 б. (191 б.)]*, - деген тұжырым жасайды.

Деректердің екінші легі қазақ-ойрат қатынасын XYI ғасырдың бірінші жартысымен белгілейді. Мәселен, **Қазыбек бек Тауасарұлы** енді бірде**:** «Ойраттың қазақ жеріне шабуыл жасағанына, міне, биыл мешін жылы тура 255 жыл болыпты. Ойрат шабуылын хижраның 899-жылы (**1521** ж. – Д.С.) бастаған. Содан бері олар тыныш таптырған жоқ» *[Тауасарұлы Қазыбек бек. Түп-тұқианнан өзіме шейін: Басп. дайындаған Б.Қыдырбекұлы –Алматы: Жалын, 1993. -416 б. (190 б.)]*, - деп жазса, Мұхтар Мағауин **1523** жылғы қазақ даласындағы саяси жағдайды сипаттай келе, қазақ еліне «...солтүстік-шығыс беттен қалмақтар жортуыл жасай бастады» *[Мұхтар Мағауин. Қазақ тарихының әліппесі. –Алматы: Қазақстан, 1995. -208 б. (25 б.)]*, - деп келтіреді. Осы көзқарастың шынайылығы және қақтығыстың одан кейін де өз жалғасын тапқандығы Н.Мұхаметқанұлының деректерінен де байқалады Ол: «Кейін келе сауда қалаларының иелік құқығы мәселесі жөнінде ойраттар қазақтармен де төте қақтығыстар тудырды. Англия саяхатшысы Жайансын жазып қалдырған деректерге қарағанда, ол **1557** жылы Орта Азияны басып Жұңғоға бармақ болған. Бірақ қазақтар мен ойраттар соғысып жатқандықтан алмайды. Осы саяхатшының айтуынша, ол соғыстың себебі Ташкентке таласудан болған» *[Мұқаметқанұлы Н. Тарихи зерттеулер: Шежірелік деректер. –Алматы: Жалын, 1994. -144 б. (43 б.)]*, - деп дәйектейді.

Ал деректердің үшінші легі, бұл қатынасты XYI ғасырдың аяғына әкеледі. Осыған қатысты деректерді: «XYI ғасырдың соңында қазақ даласына кірген жоңғарлар қазақтардан жеңіліп, қазақтардың басқаруына қараған» *[Мұқаметқанұлы Н. Тарихи зерттеулер: Шежірелік деректер. –Алматы: Жалын, 1994. -144 б. (44 б.)]*, - дей келіп, «Сондықтан қазақ ханы Тәуекел: «Мен қазақтар мен қалмақтардың ханы болдым» *[Қазақ ССР тарихы. –Алма-Ата, 1979. 2 том. -? б. (287 б.)]*, - деген мәліметке сілтеме жасалынады. Ал үшінші деректе: «**1559 жылы** Тәуекел ханның елшісі: «Тәуекелдің баласы қазақ жүзінің қожайыны болды да бауыры – Шах Мұхамедті қалмақтарды басқаруға жіберген» *[Златкин Жоңғар хандығының тарихы. –Москва, 1964. (109 б.)]*, - деген мағлұмат беріледі. Осы ретте Н.Мұхаметқанұлының: «XYI ғасырдың соңында кейбір ойрат тайпалары қысқа мерзім болса да қазақ хандығына қарағандығы хақ. Өйткені ойраттар осы мезгілде ауыр қиыншылыққа тап болған еді. Олар шығыс солтүстік жақтан Қалқа моңғолдарының шабуылына толассыз ұшырап отырды. Батыста қазақ феодалдарының тосқауылдап жасаған соққыларына тап болады. ...Қазақтар ойраттарды Ертістің шығысына қарай қуғындап отырды» *[Мұқаметқанұлы Н. Тарихи зерттеулер: Шежірелік деректер. –Алматы: Жалын, 1994. -144 б. (44 б.)]*, - деген көзқарасымен келісеміз.

Ал деректердің **төртінші легі** аталмыш қатынасты XYII ғасырдың

басымен байланыстырады. Қазақстан тарихы Энциклопедиясының «**Қазақ-жоңғар** қатынастары» бөлімінде Қазақ хандығы мен Жоңғар хандығы арасындағы текетіреске байланысты: «**16 ғ-дың аяғы** – 17 ғ-дың басында жоңғарлардың қаупі пайда бола бастады. Қазақ хандығы мен жоңғарлардың арасында қақтығыстар орын алды» *[Қазақстан тарихы. Энциклопедия. /Жалпы редакциясын басқарған Қабылдинов З.Е. –Алматы: «Литера-М» ЖШС, 2019. 2 том. -862 б. (420 б.)]*, -

деп көрсетеді. Ал Н.Мұхаметқанұлы: «...Қазақтар мен ойрат феодалдарының мал шаруашылығының өркендеуіне байланысты ойраттар мен қазақтардың жерге таласу қақтығысы күшейе түсті» *[Мұқаметқанұлы Н. Тарихи зерттеулер: Шежірелік деректер. –Алматы: Жалын, 1994. -144 б. (45 б.)]*, - дей келіп: «... Ертістің шығысын мекен еткен жоңғар тайпасы **1616**-жылдан бастап батыс Қоңтайжидің ...қолбасшылығында қазақ даласына шабуыл жасады. Бірақ, қазақ хандығы өте күшті болғандықтан, оларды үнемі ауыр жеңіліске ұшыратып отырды» *[Мұқаметқанұлы Н. Тарихи зерттеулер: Шежірелік деректер. –Алматы: Жалын, 1994. -144 б. (45 б.)]*, - деген мәліметті ұсынады. Енді бір деректерде **1634** жылы жоңғар Қоңтайшысы батыста қазақтармен соғысып, Есім ханның баласы Жәңгір сұлтанды қолға түсіргені айтылады *[Златкин Жоңғар хандығының тарихы. – Москва, 1964. -? б. (142 б.)]*.

Демек, бұл мәліметтерге қарағанда, **1635** жылы жоңғар хандығы құрылып, 17 ғасырдың бірінші жартысында жоңғарлар күшейе түскенін көрсетсе керек *[Қазақстан тарихы. Энциклопедия. /Жалпы редакциясын басқарған Қабылдинов З.Е. –Алматы: «Литера-М» ЖШС, 2019. 2 том. -862 б. (420 б.)]*. Ал бұл отандық тарих ғылымында Хандық дәуір деп аталатыны белгілі.

Бұдан Мұратұлы Қарамеңді батыр-би өмір сүрген тарихи кезеңі Қазақ хандығы дәуірімен де тұспа-тұс келетінін көре аламыз. Белгілі тарихшы **Бүркітбай Аяғанның** мәліметіне сүйенсек: «Қазақ елі заманындағы өте ауыр кезең... Оның себебі – XYIII ғасырдың басында – Қалдан Церен, Цевен Раптан сияқты айлакер қоңтайшылары бар Жоңғар мемлекеті Орталық Азия кеңістігінде ең мықты және ықпалды қауым болатын. Саны мол, регулярлы әскерін жинақтаған жауынгер халық Шығыста Цинь империясымен, Солтүстік батыста Ресей империясы, ал оңтүстікте Қазақ хандығы, Өзбек ұлысы (Самарқанд, Хиуа, Қоқанд) Шығыс Түркістан, Ыстық Көлдегі қырғыздармен тайталасып осы жерлерге жиі жорықтар жасауда болған... Олар Қазақ елін шығыстан да, батыстан да (Жайық қалмақтары, не «құба қалмақтар») қоршауға алған» *[Бүркітбай Аяған. Қазақ-жоңғар соғыстары: жаңаша көзқарас пен тұжырым//«Ұлы даланың Ұлы тұлғалары: Әжібай батыр Найманбайұлының тәуелсіздік жолындағы күрескерлік ерлігі мен өнегелі істер» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. –Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» баспасы, 2021. -264 б. (30 б.)]*, - дейді. Демек Қарамеңді Мұратұлының өмір сүрген кезеңі күрделі күрес дәуірі болғаны анық.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры **З.Қабылдинов** осы кезең оқиғасын: «Туған жердің тұтастығы мен туған халқының бостандығы жолындағы күрестердің ішінде XYIII ғасырдағы қазақтардың жоңғар шапқыншылығына қарсы, азаттық үшін болған шайқастардың орны ерекше. Оны шындығында да тәуелсіздіктің таңсәрісімен салыстыруға болады» *[Қабылдинов З. Есімі ел есіндегі Әжібай батыр Найманбайұлы//«Ұлы даланың Ұлы тұлғалары: Әжібай батыр Найманбайұлының тәуелсіздік жолындағы күрескерлік ерлігі мен өнегелі істер» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. –Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» баспасы, 2021. -264 б. (36 б.)]*, - деп сипаттайды. Танымал ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒА академигі М.Қ.Қойгелдиев: «XYIII ғасырдың бірінші жартысында Жоңғар феодалдарының қазақтарға жасаған сұрапыл шабуылын қазақ халқының тоз-тозын шығарып, бұрын болып көрмеген ауыр күйге түсірді. Сондықтан қазақтар бұл мезгілді «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманы дейді» *[Қойгелдиев М.Қ. Отан қорғау ісіндегі батырлардың орны және оның ғылыми тарихнамада баяндалуы жөнінде//«Ұлы даланың Ұлы тұлғалары: Әжібай батыр Найманбайұлының тәуелсіздік жолындағы күрескерлік ерлігі мен өнегелі істер» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. –Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» баспасы, 2021. -264 б. (18 б.)]*, - деп жазады. Қорыта келгенде, жоғарыдағы мәліметтер біздің бабамыздың өмірге келген кезі мен одан кейінгі ғұмыр сүрген дәуірінің бүкіл саяси-әлеуметтік келбетін көрсетсе керек. Олай болса, бабамыз қазақ үшін саяси тынымсыз дәуірде дүниеге келіп, сол күрделі заманда саяси-әлеуметтік өмірмен күресе жүріп бақи дүниеге аттанғаны зайыр.

Қарамеңді би Мұратұлының бала кезінен өзіне ғана тұмысынан бойына біткен тұлғалық болмыс-бітіміндегі ерекше қасиеттер мен қабілеттер Матан Сімәділұлы ағамыздың «Суаннан шыққан сегіз би: Шежіре» атты еңбегінде барынша толық баянын тапқан.

Ендігі жерде біз үшін де, оқырман келешек ұрпақ үшін де маңызды нәрсе – ол Қарамеңді би Мұратұлының жастық шағы және оның «қазақ-жоңғар» қатынасы тұсындағы күрделі ғұмырының тарихи әрі саяси-әлеуметтік баяны. Әрине, шежірелік-публицистикалық тұрғыдағы әдебиеттер баршылық. Дей тұрғанмен, бабамыздың өміріндегі еларалық, елішіаралық қатынастардағы саяси тұлғалық болмысы тарихи-зерттемелік тұрғыда ғылыми-танымдық аясынан тыс қалуда.

Жанама деректерге қарағанда, Жетісу өңірі, нақтырақ айтқанда, мәселен, **Қазыбек бек Тауасарұлы 1643** жылғы Қосқолаң ұрысы туралы айта келіп: «Бұдан соң жетісегіз жыл арада тыныштық болды. Өйткені олар тағы да өзара ұрсысып қалды. Арада кезе-кезек жеңіске жеткен бұл жылдары Жетісудың шығыс жағы қалмақ қолында қалып тұрды» *[Тауасарұлы Қазыбек бек. Түп-тұқианнан өзіме шейін: Басп. дайындаған Б.Қыдырбекұлы –Алматы: Жалын, 1993. -416 б. (203 б.)]*, - дегенді айтады. Осыдан кейінгі мәліметтерде Батыр қоңтайшы өш алу үшін **1652** жылы тағы да қазақтарға шабуыл жасаған *[Мұқаметқанұлы Н. Тарихи зерттеулер: Шежірелік деректер. –Алматы: Жалын, 1994. -144 б. (47 б.)]*. Осыдан соңғы мезгілде қазақтар мен ойраттар қатынасында үлкен қақтығыс болмағаны айтылады *[Мұқаметқанұлы Н. Тарихи зерттеуле: Шежірелік деректер –Алматы: Жалын, 1994. -144 б. (47 б.)]*. Осы деректердің ауанына қарағанда бұл шамамен **1654** жылдарға тұспа-тұс келетін сияқты. Олай болса, бабамыз дүниеге келген тарихи кезең (1653-1655 жж.), яғни **1655 жыл** ойрат-қазақ қатынасындағы шабуылдардың біршама бәсеңдеген кезі болса керек. Оны **В.А.Моисеевтің:** «Смерть Батура-хунтайджи, последовавшая в период между **1653-1655** гг, ослабила напряженность во взаимоотношениях Джунгарского ханства с Казахским ханством» *[Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи (XYII-XYIII вв.). –Алма-Ата: Ғылым, 1991. -238 с. (47 б.)]*, -деген жазбасынан да көруге болады. Автордың айтуынша, бұл кезең Жоңғар хандығындағы хан тағына таласқан ішкі шиеленіспен байланысты болған *[Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи (XYII-XYIII вв.). –Алма-Ата: Ғылым, 1991. -238 с. (47 б.)]*. Бұл деректерге сүйене отырып, қазақ-жоңғар қатынасындағы уақытша тыныштық **1643** пен **1652** және **1658** жылдар аралығын алсақ, ол **10** шақты жылға созылған болса керек.

Ал осы уақытша тыныштықтан кейін ойраттардың қазақ жеріне қайта шабуылы **1658** жылы Талас өзені маңында басталғаны деректерде айтылады *[Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи (XYII-XYIII вв.). –Алма-Ата: Ғылым, 1991. -238 с. (48 б.)]*.

Қазыбек бек Тауасарұлы 1664 жылы Қарасай (**66** жаста) және Ағынтай батырлардың торғауыттардың Арқас Аңқайы дарабазасында Наймандар мен Жалайырларға жасаған шабуылына тойтарыс бергенін айтады *[Тауасарұлы Қазыбек бек. Түп-тұқианнан өзіме шейін: Басп. дайындаған Б.Қыдырбекұлы –Алматы: Жалын, 1993. -416 б. (207 б.)]*. Бұл дерек тағы да шайқастың Жетісу өңірінде болғандығынан хабар береді. Осы оқиға болған кез Мұратұлы Қарамеңдінің **9 жасар** бала болғанын айғақтаса керек. Қосалқы мәліметтерге зер салсақ, Қазыбек бек Тауасарұлы Қарасай мен Ағынтай батырлардың достығын айта келе, Ағынтай батырдың **1671** жылы **73** жасында дүние салғаны және оның Қарасайдан бір жыл кейін дүниеден өткені аталады. *[Тауасарұлы Қазыбек бек. Түп-тұқианнан өзіме шейін: Басп. дайындаған Б.Қыдырбекұлы –Алматы: Жалын, 1993. -416 б. (208 б.)]*.

Олай болса, Қарасай батыр **1670** жылы қайтыс болған деген сөз. Ал Ағынтай қайтыс болғаннан екі жылдан соң, яғни **1673** жылы Қарасай батыр ұрпақтары Іленің оң жағасындағы Алтынемелге ауып келгені айтылады *[Тауасарұлы Қазыбек бек. Түп-тұқианнан өзіме шейін: Басп. дайындаған Б.Қыдырбекұлы –Алматы: Жалын, 1993. -416 б. (208 б.)]*.

Өкінішке қарай бабамыздың, әсіресе, «қазақ-ойрат» қатынасының **бұдан кейінгі** жылдардан басталған саяси іс-әрекеті кешенді тарихи-ғылыми зерттеу нысанына ілінбегенге ұқсайды, мәліметтер жоқтың қасы. Алайда, Мұратұлы Қарамеңді бидің тікелей ұрпағы Матан Смәділұлы ағамыздың «Суаннан шыққан сегіз би» (1997 ж.) атты шежірелік жазба дерегінде қалмақ-қазақ қатынасы, нақтырақ айтқанда «Құба қалмақ заманында» қалмақтардың қазақ жұртына барымташылдық саясатпен жиі-жиі шабуылдап тұрған тұста Мұратұлы Қарамеңдінің **12** жасында қолды болғаны сол кездегі өзіндік себептері мен дәйектері арқылы баяндалады *[Смәділұлы Матан. Суаннан шыққан сегіз би: Шежіре. – Алматы: «Жалын» ЖШС, 1997. -144 б. (16-18 бб.)]*. Жоғарыдағы **1664** жылға **12** жасты қосар болсақ, онда бала Қарамеңдінің қолды болған жылы **1676** жылға сәйкес келіп тұрады. Бұған қайшы келетін деректердің жоқтың қасы болып тұрғаны анық. Осы тұста, елге танымал, қазақ тарихын зерттеуші, қытайтанушы білгір ғалым, тарих ғылымдарының докторы, пофессор Н.Мұхаметқанұлының жалпы Орта Азияның солтүстігіндегі көшпелі ұлттардың өзара қарым-қатынасын зерттеу салыстырмалы түрде жоқтың қасы болғаны, осы өңірдегі қазақ елі мен моңғолдың жоңғар руының бүкіл Орта Азия тарихына терең ықпалы болғаны, міне осы типтес шаруашылық алаңда өмір сүрген екі ұлттың қарым-қатынасы өзекті мәселе болатындығы туралы көзқарасымен толық келісеміз. Тіпті, автор: «...Қазірге дейін ...қазақтар мен жоңғарлардың қарым-қатынасы тарихын зерттеген арнаулы шығарма немесе арнаулы мақала жазыла қоймаған» *[Мұқаметқанұлы Н. Тарихи зерттеуле: Шежірелік деректер –Алматы: Жалын, 1994. -144 б. (40 б.)]*, - деп жазады.

Матан Смәділұлы ағамыздың дерегі бойынша, қалмаққа қолды болған жас бала Қарамеңді қалмақ қолында 5 жыл болып, оның ақылды да қайсар мінезіне, алғыр да тапқыр қасиеттеріне риза болған Қалмақ қоңтайшысы оны келешекте өз пайдасына қарай тәрбиелеу үшін оған өкіл әкелік қызмет жасап, баланы әскер ісіне баулиды, батылдық пен батырлық қабілетін жетілдіре түседі. Содан **17** жасар жігіт өзінің тапқырлық да сөзге шешендік қабілеттерінің арқасында амалын асырып, елді шапқыннан арашалап, ел намысын қорғап, өз еліне, автордың баяндауынша, мал өсімімен, сый-сияпатымен, қазақ нөкерлерімен елге оралады. *[Смәділұлы Матан. Суаннан шыққан сегіз би: Шежіре. –Алматы: «Жалын» ЖШС, 1997. -144 б. (18-23 бб.)]*. Бұл жыл есебі бойынша **1681** жылға сәйкес келеді.

Осы ретте, жалпы «ашық жаулық» саясатын асырған қалмақтың мұншалықты «жұмсақ саясаты» қалай болды деген де сұрақ туындауы заңды. Бұған жауапты біз ғылыми-тарихи деректерден аңғарамыз. Өз кезінде Абылай сұлтанның тарихында да осындай болғаны, тіпті Абылайға қалмақ ханы қызын бергені де тарихта белгілі. Мәселен, белгілі тарихшы, тарих ғылымдарының докторы, академик Бүркітбай Аяған: «Жалпы, жоңғар мен қазақ бір-бірін сыйлай да білген, ол жағдайды олар арасында болатын «сертке тұру» не басқа да дәстүрлерден байқаймыз» *[Бүркітбай Аяған. Қазақ-жоңғар соғыстары: жаңаша көзқарас пен тұжырым//«Ұлы даланың Ұлы тұлғалары: Әжібай батыр Найманбайұлының тәуелсіздік жолындағы күрескерлік ерлігі мен өнегелі істер» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. –Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» баспасы, 2021. -264 б. (31 б.)]*, - деп жазғаны да ақиқатты көрсетсе керек. Осы көзқарасқа сүйенетін болсақ, Мұратұлы Қараменденің абыроймен елге оралуы тарихи шындық аясында болғаны анық. Матан Смәділұлы жазбасына негізделетін болсақ Қарамеңді **17** жасында елінің құрметіне бөленіп, Суан елінің алғашқы биі мәртебесіне ие болып, **би атанған** *[Смәділұлы Матан. Суаннан шыққан сегіз би: Шежіре. –Алматы: «Жалын» ЖШС, 1997. -144 б. (23 б.)]*.

Дәулетбек РАЕВ,
философия ғылымдарының докторы.
Алматы қаласы.

«ЖЕТІ АТАНЫҢ» КӨЗДЕГЕН ІЗГІ МҰРАТЫ НЕДЕ ЖАТЫР?

(Басы 1-бетте)

Біздің қазақта «Тегін білмеген тексіздіктің белгісі», «Жеті атасын білмеген жетесіздің белгісі» деген ұлағатты сөз бар. Осы бір қысқа да нұсқа даналық сөздердің астарына тереңірек ой жүгіртіп қарасақ, кез келген ата-анаға жас ұрпақ үшін үлкен тәрбиелік мәні бар екендігі айтпасада түсінікті. Енді бүкіл адамзат баласының шыққан тегін, қандай қоғамда өмір сүргенін зерттейтін ғылым бар. Сол «антропология» ғылымында «Матриархат», «Патриархат» деген ғылыми терминдер бар. Біріншісі «Ана билігі», ал екіншісі «Ата билігі». Енді, жазушы, ғалым Мырзабек Дүйсеновтың ғылыми танымдық мәні зор «Бір аспанның астында» кітабынан үзінді келтіре кетейік. «Әр семьяның (жанұяның) ұйтқысы – Ана болса, олардың бәріне қамқоршы болп үлкен шеше – Әже билік жүргізді. Оны ғылым тілінде – ру деп атайды. Рудың алтын діңгегі – Ана болған» дейді. Міне, ру – деген сөздің түп төркіні қайда жатыр. Оқырмандарға түсінікті болу үшін тағы біраз үзінділер келтіре кетейік. Кезінде Фридрих Энгельстің «Алғашқы адамдар қауымында адамдардың (еркек пен әйелдің) жыныстық қатынастарында ешқандай да тәртіп болмаған, сондықтан да ол кезде қалыптасқан семья болмаған еді» деген пікірінің дұрыстығын мойындаушылар бүгінгі күнде де аз емес деген ой айтады ғалым.

Қарап отырсақ алғашқы адамдар қауымында дәл қазіргідей жұптық неке болмаған, ол кезде топтық неке болғандықтан да бір-бірімен жыныстық қатынасқа түскен ер мен әйелдің жас айырмашылығы, туыстық жақындығы ешқандай ескерілмеді. Сондықтан дүниеге жаңа келген жас нәрестенің әкесін анықтау қиынға соқты. Мұндай жағдайлар еркектердің бір-бірінен әйелге, балаға деген қызғаныш сезімін тудырып, қып-қызыл қырғынға ұшыратты. Әр ру, тайпалардың ұрпақтары өсіп – өне, өркен жая келе «Ана» билігі ыдырап, «Ата» билігі ене бастады. «Матриархат» қоғамының ыдырай бастаған кезі де осы неолит дәуірі деп атап көрсетеді ғалым М. Дүйсенов.

Малды қолға үйрету, оны бағып-қағу еркектердің үлесіне тиген. Металл өндіруге де еркектің білек күші керек болды. Бұл кезде қауымдық тұрмысқа Жұптық неке де кеңінен тарай бастайды. Мал-мүлік, шаңырақ иесі еркек болған соң әйелдің рөлі енді екінші кезекке ойыса берді. Сөйтіп, ендігі туыстық жол бұрынғыдай әйел жағынан емес, еркек жағынан санала бастады. Рулық қауым басында бұрынғыдай әйел емес, енді еркек отыратын болды.

Көңілді көптен алаңдатып, осы туралы жазсам деп көкейге түйіп жүрген мәселенің бірі «Жеті ата» туралы ой еді. Менің бұл ойыма түрткі салған «Жас Алаш» газетінің 2002 жылғы 16 сәуірде жарық көрген Әділ Бек Қаба бауырымыздың «Қаның таза ма бауырым?» деген «Жеті ата» туралы мақаласы еді. Автор бүгінгі заман талабына сай өзекті мәселе көтеріп отыр. Сондықтан да осы «Жеті атаның» мән-мағынасын бізден кейін өкшелеп келе жатқан жас ұрпақтар тереңірек түсіну үшін «Қазаққа жеті ата не үшін қажет болды» деген сауалға жауап іздеп көрелік. Енді сөз кезегін ғалымдарға бе рейік.

Генетика (гректің – генетикос) сөзінен шыққан ғылыми термин. Қазақша мағынасы: шығу тегіне байланысты, – деген ұғымды білдіреді. Генетика – тұқым қуалаушылық – адам дене мүшелерінің өзгеріске ұшырауына қалай ықпал ететінін зерттейтін ғылым. Енді, осыған байланысты «Зерде» журналының 1992 жылғы 10 санында жарық көрген биология ғылымының кандидаты Әйіп Ысқақовтың «Қазақтың жеті атасының сыры неде» деген монографиялық зерттеу мақаласынан үзінді келтіре кетейік.

Ресейдің соңғы патшасы Николай 2-нің баласы Алексейдің гемофилия (қан тоқтамау) ауруымен ауырғанын көпшіліктің бірі білсе, бірі, білмес. Ғалымдар бұл аурудың себебін зерттей келе ол 10-шы хромосомасындағы геннің қызметіне байланысты екенін анықтаған. Адам клеткасы ядросында 23 жұптан тұратын 46 хромосома бары биологиядан белгілі. Ол хромосомалардың 23-і шешеден, қалғаны әкеден ауысып отырады. Биологиядан әйел жынысы 20-сыншы, ал еркек жынысы 15-інші хромосомаларымен анықталатынын білеміз. Сондықтан гемофилиямен тек бір 10 хромосомасы бар еркектер ғана ауырып, ауру гені бар хромосомаға балама сау хромосомасы бар әйелдер ауырмайтын болған. Ханзада Алексейдің ата-тегін зерттей келгенде оның шешесі Александра Фёдоровна ханым Англия королевасы Викторияның ұрпағы болып

шықты. Ал, королева Виктория гемофилия ауруының (геннің) иесі болып, өзінің келер ұрпағына сол генді аяусыз таратқан екен.

Соның нәтижесінде оның тағы бір немересі Евгения Баттенбергскаяға үйленген Испан королі Альфонис 13-інші гемофилия ауруының кесірінен өзінің үш ұлынан айрылған көрінеді. Осындай тұқым қуатын аурулар түрі ғалымдардың айтуы бойынша қазір мыңнан асады екен.

Осы орайда ата-бабамыздың бір керемет даналық сөзі еске түседі. «Үйдің жақсы болуы ағашынан, баланың жақсы болуы нағашыдан». Осында қандай керемет философиялық ой жатыр. Баласы ержетпей болашақ ұрпағының қамын ойлап, текті елмен терезе теңестіріп, құдандалы құда болу біздің қазақтан басқа қай халықта бар? Санасында сақлауы бар адамға осы тілектің арғы бетінде қандай мақсат жатқанын аңғару қиын емес. Қазақ «Баланың жақсы болуы нағашыдан» деп текке айтпаған. Өйткені, ұл бала анасының тегін көбірек алатынын қазіргі генетика ғылымы дәлелдеп отыр. Ұл бала анасының 65-70 пайыздық тегін құраса, ал қыз бала керісінше осыншама пайыз әке тегін құрайды екен. Бұл генетика ғылымының анықтаған соңғы жаңалығы. Осыдан кейін біздің қазақ жігіттерінің әйелге деген көзқарасы жақсы жаққа өзгеретін шығар деп үміттенем. Өйткені, әйелді кемсітіп, менсінбей ұрып-соғатын еркектер енді сол қыз-келіншектерін аялап, өзінің бар асыл қазынасы ретінде бағалап өтсе екен дегім келеді.

Ал енді, осы «Жеті атаға» байланысты көп пікірталас тудыратын 3 сауал бар. Олар мыналар:

1. Жеті ата кімнен басталып, кіммен бітеді?

2. Жеті атаға қатысы бар туған-туыстар?

3. Жеті атаның ауысу мерзімі қанша уақытқа созылады?

1. «Жеті ата» кімнен басталып, кіммен бітеді деген сауалға әркім әртүрлі жауап береді. Мысалы, Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев өзінің «Өтті дәурен осылай» деген кітабында өзінің «Жеті атасын» өзіне әкеліп тіресе, енді біреулер әкеден бастап, туажатқа апарып тірейді. «Жеті атаны» бұлай таратудың да қисыны келмейтін тұстары баршылық. Мына жарық жалғанда жүз жасайтын адамдар өте сирек кездеседі. Тіпті басқасын былай қойып, шөбересін көзімен көріп, бетінен сүйіп кететін жандардың өзі сирек емес пе? Ал енді, немене мен туажатты көру үшін ары қарай тағы қанша жас жасау керек?

Ойлап отырсаң кейбір «оқыған, тоқыған» ақылдылардың көңілге қонымсыз, осындай ұшқары ой-пікірлеріне таң қалмасқа лажың жоқ. Ел іші алтын кеніш емес пе. Өз басым, ел ішінде болып тұратын той-томалақ, басқа да көпшілік қауым жиналар жерге бара қалсам, «Жеті ата» туралы әңгіме қозғап, олардың ой-пікірлерін, өмір туралы қалыптасқан көзқарастарын біле жүрем. Кейде кейбір жандармен өмірдегі бағыт-бағдарымыз, ой-толғамдарымыз бір бағытта тоғысып, әңгімеміз жарасып кетеді. Енді, осы көпшілік қауымның айтқан ой-пікірін, талап-тілектерін ескере отырып мынадай қортынды жасауға болады.

1. Бабаң 2. Атаң 3. Әкең 4. Өзің 5. Балаң 6. Немерең 7. Шөберең.

Жалпы адамзат баласының жаратылыс заңында «Бабасын» көзі тірісінде көріп қалу кез келген адам баласының тәлейіне бұйырмайтын. Өмірде, тіпті кейде не атасын, не әкесін көре алмай қалатын бірен-саран адамдар да болады. Алайда, өзге балалардың атасы, әкесі сияқты оларға да «Жеті атасын» үйретіп кетер туған-туысы табылары анық. Екі қазақтың басы қосылса «Қай елсің, қай русың?» дейді дегендей, руды сұрау ата-бабаңды сұрау емес. Бұл, өмірде кейбір пысықтардың өз қарақан басының көздеген мақсат-мүддесіне жету үшін қолданатын айла-тәсілі. Әйтпесе, сонау 10 ғасырдан бері Қыпшақ, Үйсін, Жалайыр, Найман тағы басқа да атаулар неге күні бүгінге дейін ауыздан түспей келеді? «Ру» апалы-сіңлілі бірнеше қыздың балаларын ел деген, яғни, қазақ деген ел.

Қазақ халқының ардақты ұлдарының бірі (марқұм) Мұстафа Өзтүрік Қазақстанға алғаш рет ат басын тірегенде, Қазақстан ЛЖО Орталық комитетінің мәжіліс залында журналистермен кездесу өткізді. Сонда оған мынадай бір сұрақ қойылған еді.

– Сізді бірнеше кинофильмдерге түскен дейді. Сол жайында бізге біраз әңгімелеп берсеңіз?

– Мен Туркияда жүргенімде, – деп бастады өз әңгімесін Мұстафа бауырым. – Бір кинорежиссер досым мені үйіне қонаққа шақырып, өзінің шытырман оқиғалы фильм түсірмекші екенін айтып, маған басты рольде ойнасаң деген тілегін айтты. Мен оған сценариін өзім жазайын деген шарт қойдым. Ол келісті. Сонымен «Ала тай» атты кинофильм өмірге жолдама алды. Фильмнің қысқаша мазмұны мынадай. Жап-жас қазақ жігіті ауылдан арман қуып Стамбул қаласына келеді. Арада оншақты күндей уақыт өткенде бір сұлу қызға кез болады. Екеуі танысады. Сөйтіп екеуі қала аралап жүріп ойда жоқта мафияға кез болады. Олардың арасында біреуі қызға сырттай ынтық екен. Сол жерде аяқ астынан қырғын төбелес басталады. Қазақ жігіті үшеу – төртеуін ұрып жығады. Алайда олар көп қой. Қыз бен жігіт қашып келіп бір киіз үйге тығылады. Аналар сыртта тұрып айқайлайды:

– Ей, жігіт болсаң шық бері!

Тым-тырыс.

– Ей, батыр болсаң шық бері!

Тағы тым-тырыс.

– Ей, қазақ болсаң шық бері!

Сонда ғана жігіт далаға атып шығады. Бір топ баскесердің алдына жігітті сүйреп шыққан қандай құдіреттің күші? Автор оны оқырмандар мен көрермендерге ашып айтпай, әркімнің өз пайымдауына қалдырады. Туған ел, туған жерін, тарихы мен салт-дәстүрін шынайы ұлттық сана-сезіммен сүйе білетін әрбір саналы азаматтың сонау жүрек түпкірінде, кез-келген қысылтаяң уақытта «Жаным – арымның садағасы» деп атойлап шығар ата – бабамыздың ұлттық идеологиясы жасырынып жатқан жоқ па?

Салт-дәстүрдің де озығы бар,тозығы бар. Әр заман талабына сай кем-кетігін жаңартып отырған абзал. Міне енді, осындай нақты ақиқатқа сүйеніп қазақ халқы бір-бірінен неге «Қай атаның баласы боласың?» немесе «Бабаң кім?» деп сұрамасқа? Ал, шежіре кітаптарын «Құдайберді атаның ұрпақтары», тағысын тағы неге осылай атамасқа?

Жүз бен ру деген қазақ халқының арасына жік салмаса, тигізер пайдасы жоқ. Бұл пікірді мен емес бүкіл қазақ халқының ақын – жазушы, басқа да зиялы қауым өкілдері айтып та, жазып та келеді. Жас ұрпақтың ертеңін ойласақ ес жиып іргелі ел болайық ағайын.

2. «Жеті атаға» қатысы бар туған туыстар кімдер?

1. Бабаң (атаңның әкесі), әке-шешеден жалғыз, немесе бірнеше ағайынды.

2. Атаң (әкеңнің әкесі), бұл да жалғыз, немесе бірнеше ағайынды.

3. Әкең (Өз туған әкең), бұл да солай.

4. Өзің. Жалғыз немесе көп ағайынды.

5. Балаң.

6. Немерең.

7. Шөберең.

Бұл тек ұл балаларға ғана қатысты.

Қыз балалар тұрмысқа шыққаннан кейін әке жағынан өз туған-туыстары – төркін, ал күйеуінің ағайын туыстары – қайын жұрт деп аталады. Енді, қыз баланың әке жағынан ағайын-туыстары оның балаларына – нағашы, ал балалары оларға – жиен. Апалы-сіңлілі екі қыздың балалары бір-біріне – бөле болады.

Ендігі айтар бір өкінішті жағдай ата-бабамыздың осындай тамаша салт-дәстүріне салғырт қарайтын ата-аналардың білместігінен бір-біріне жақын екі жастың некеге отыруы анда-санда бой көрсетіп келеді. Мен мұны қазақи ұлттық сана-сезімнің мәңгүрттікке бағыт ала бастауы дер едім.

Міне осылай, ақ пен қара алмасып,

Жатады өмір жалғасып, – деп Жарасқан ақын айтқандай, бір ұрпақпен бір ұрпақ орын алмасып, қас қаққанша күндерің айға, айларың жылға жалғасып, тоқтаусыз зымырап бара жатқан шіркін өмір-ай. Алдымен әке болып, сонан соң ата, ал бабалыққа жетіп құлайсың ба, жетпей құлайсың ба кім білсін?!

3. Ендігі әңгіме «Жеті атаның» ауысу мерзімі. Күні бүгінге дейін тіпті ғалымдар арасында да көптеген пікірталастар, әртүрлі көзқарастар қалыптастырып отырған күрделі мәселенің бірі. Бұл біріншіден, жер шарының әр түпкірінде тұратын түрлі халықтардың географиялық орналасу климатына байланысты болса, екіншіден, әр халықтың демографиялық өніп-өсуі, білім мен ғылымның дамуы, мәдени өркендеуі, тұрмыс деңгейі өзі тұратын мемлекеттің саяси-экономикалық жағдайына, халықты әлеуметтік қамсыздандыру шараларын қалай іске асырады, міне, бәрі тікелей соған байланысты.

Ал енді, демограф ғалымдардың есебі бойынша дүниежүзі халықтарының бір ұрпақ алмасу циклі орта есеппен 35 жас деп белгіленеді екен. Егер біз «Жеті атаның» ауысу мерзімін осы ғылыми жас мөлшеріне сүйеніп есептер болсақ 250 жыл керек екен. Ал, демограф ғалым Мақаш Тәтімовтың «Қазақ әлемі» кітабында мынадай дерек бар. «Қазақтарда ұрпақ алмасу циклі 30 жылға созылады, бала туар әйелдің орташа жасы күні бүгінге дейін 30-дан әлі төмен түсе қойған жоқ». Ғалым ағамыздың осы ғылыми дерегін негізге алсақ 210 жыл керек болады екен.

Ендігі әңгіме бүгінде көзі тірі 16 немеренің атасы, 21 шөберенің бабасы болып отырған Иемберген Қасымбаев ақсақал жәйлі болмақ. Әкесі Қасымбай 1906 жылы дүниеге келген. Иекеңнің өзі 1929 жылғы. Тұңғыш баласы 1955 жылғы. Немересі 1977 жылғы. 2001-де 2 шөбересі өмірге келді. Енді Бабасы мен атасына 50 жыл қосайық. Сонда небәрі 150 жылға жуық. Енді бұдан шығатын қорытынды қандай?

Әр «Жеті атаның» ауысу мерзімі сол әулетке қатысы бар әрбір жаңа ұрпақтың бір-бірімен орын алмасу циклі мен сол әулеттің кейбір жеке ұрпағы өз мүмкіндігіне қарай ұрпақ жалғастығын дер кезінде қамтамасыз ету – етпеу мерзіміне тікелей байланысты. Мұның өзі айналып келгенде әрбір от басының күнделікті тұрмыс тіршілігінің қажеттілігін толық қанағаттандыра алар экономикалық жағдайына келіп тіреледі. Сондықтан, «Жеті атаның» ауысу мерзімі «бәлен ғасыр» деп қатып қалған қағида қабылдай салу ғылымға да, өмір заңына да қайшы келері сөзсіз.

Өйткені, ғылымда да қатып қалған қағида жоқ.

Суанбай ЖАНТАСОВ,
ақын, журналист.
Алматы қаласы.

ЖАРҚЫН БЕЙНЕЛЕРІҢІЗ ЖАДЫМЫЗДА

Аяулы ұстаздар, әріптестеріміз Дүнгенбаев Бердіқожа Әбіқұлы мен Дүнгенбаева Айгүл Байдаулетқызы бір жыл, тіпті төрт айда бірінен соң бірі өмірден озды. Өздері өмірден өтсе де, ұрпақ болашағына, тәрбие мен білім саласына қосқан елеулі үлестері ел есінен кетпейтін әріптестеріміздің жарқын бейнелері жадымызда қала бермек.
«Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» дегендей, ардақты әріптестеріаяулы жандар туралы өз естеліктерімен бөлісті.

Достыққа адал жан еді

Айгүл Байдаулетқызымен 1969 жылы Алматы шет тілдер институтына түскеннен бері таныспыз. Алғаш оқуға түскен жылы бізге жатақханадан орын берілмегендіктен, біз Айгүлмен бірге пәтер жалдап тұрдық. Тұрған пәтеріміз өте тар болатын, тар болғаны соншалықты бір төсек әрең сиятын. Сабаққа бірге кетіп, жалдамалы пәтерімізге тек ұйықтауға ғана келетінбіз. Бірінші курстың ортасына жақын, жаңа жылдан кейін бізге жатақханадан орын берді.

Айгүл әр лекцияда өзінің білімділігімен көзге түсетін. Мінезі салмақты еді. Пәтерде тұрған кезімізде екеуміз бірге киноға барып тұратынбыз. Дегенмен де, біз көп уақытымызды кітапханада өткізетінбіз. Оқуды бітіріп келген соң, араға біраз жыл салып, екеуміз қайтадан бір мектепте жұмыс істедік. Осы жылдар ішінде мен Айгүлдің біреуге қатты сөздер айтып, көңілін қалдырғанын көрген жоқпын. Ол өте мейірімді, білімді, білікті басшы бола білді. Саналы ұрпақ тәрбиеледі.

Жолдасы Бердіқожамен де сол студенттік жылдардан бері таныспыз. Бердіқожа достыққа адал, өзі жақсы көрген жандардан жақсылығын аямайтын. Зейнеткерлікке шыққанға дейін, бір ұжымда жұмыс жасадық. Айгүл екеуінің жұбы жазылмай, 50 жылға жуық тату-тәтті өмір сүрді. Адал жар, ардақты ата-ана, аяулы ата-әже болып, ұл-қыздар өсірді, немере, шөбере сүйді.

Айгүл өте қонақжай, достыққа адал еді. Өзіміз араласып жүрген достарымызды Астана қаласында ұйымдастырылған ЭКСПО-2017 көрмесіне шақырып, естен кетпестей қыдыртып қайтқан болатын.

1-2 жыл бұрын Айгүл жолдасы Бердіқожамен Талдықорған қаласынан үй алып, қыс айларын сол жақта өткізетін. Алайда, ауылға келгенде үйге келіп тұратын. Өмірінің соңғы күндерінде ауылға келген сайын, үйге жиі келіп тұрды. Қазір ойлап қарасам, мәңгілік мекенге аттанып кетерін білгендей, жүрегі сезгендей.....

Арман деген таусыла ма? Әлі де талай жоспарларымыз бар еді!... Қайран менің достарым! Жатқан жерлерің жайлы болсын.

Бейсенбаева Алтынбүбі Қасенқызы

Биік тұлғалы Бердіқожа ұстаз...

Мұғалім – мектептің ғана басты тұлғасы емес, ол – қоғамның да басты тұлғасы. Мұғалім беделі, ең алдымен оның өз жеке басының қасиеттеріне, ұстаздық келбетіне байланысты екені анық. Өзімнің отыз жылдан артық еңбек жолымда биік тұлғалы Бердіқожа ағаймен әріптес болдым. Тәжірибесі бай, музыкалық сауаттылығы өте жоғары бұл кісіден үйренерім көп болды десем артық айтқандығым емес. Ұлттық аспаптар болсын, баян болсын, бас домбыра болсын кемеліне келтіріп, тыңдарманына жеткізе білетін шеберлігі жоғары еді. Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін көркемөнерпаздар байқауына жоғары жауапкершілікпен дайындық жүргізу – марқұмның әдеттегі ісі еді. Бұл еңбегінің жемісі де ауыз толтырып айтарлықтай болатын. Аудандық «Жаркент әуендері», «Туған жер», «Гүлдәурен» ансамбльдеріне жетекшілік ете жүріп, өзінің шеберлігін толағай табыстарымен дәлелдей білген білікті маман.

Музыка мұғалімі өз бойына өнердің сан қырын сіңірген, сөйлеу мәдениеті мен кәсіби-музыкалық орындаушылық дайындығы жоғары, қабілетті, іскер, ізденімпаз маман болуы тиіс болса, Бердіқожа Әбіқұлының бойынан осы қасиеттердің бәрі көрініс табатын. Жас ұрпақты музыка өнеріне баулып, олардың жан-жақты мәдениетті, білімді, ақылды да сымбатты тұлға етіп тәрбиелеуде Бердіқожа ағайымыздың еңбегі ерен деп білемін. Көзден кетсе де көңілімізден кетпейтін асыл бейнесін, тәжірибелі еңбек жолын сағынышпен еске алып отырамыз деп кім ойлаған? Дәл осы ақпан айының екісінде 70 жасқа толатын еді. Иә, жол бастаушы ақылшы ағамыз, әріптесіміздің асыл бейнесі мәңгілік есімізде қалары сөзсіз.

Әріптесі, музыка пәнінің мұғалімі
Аметов Сеитжан Ахметұлы

Айгүл жайлы бір үзік сыр...

Бүгінгі күні мен ардақты ана, аяулы жар, асыл әже, әріптестері мен достарына сыйлы замандас бола білген Дүнгенбаева Айгүл Байдаулетқызы туралы біраз естеліктер айтқым келеді. Айгүл 1969 жылы А. Розыбакиев орта мектебін өте жақсы бітірді, ол менен екі сынып жоғары оқыған еді. Мектеп кезінен Айгүл өзінің жайдары мінезімен, жақсы оқуымен бәріне сыйлы еді, мектептегі қоғамдық жұмыстарға белсене қатысатын. Мектепті жақсы деген бағамен тәмамдаған соң, өзі армандаған оқу орнына оқуға түсіп, оны аяқтаған соң, өзі білім алған мектепке ағылшын тілі пәнінің мұғалімі болып орналасты. Екі жылдан соң мен де оқуды аяқтап, осы мектепке жұмысқа орналастым. Бала кезден келе жатқан достығымыз енді әріптес ретінде жалғасын тапты. Екеуміз де жас ұрпаққа ағылшын тілін үйрету жолында еңбек еттік. Айгүл өз мамандығын жақсы көрді, яғни, ағылшын тілін жетік білді. Өз білімін өскелең ұрпаққа аянбай үйретіп, тереңдетілген ағылшын тілі сыныбын ашты. Осы сыныпты бітірген оқушылары қазір еліміздің түкпір-түкпірінде әр түрлі салада қызмет етуде . «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға» деп Ұлы Абай айтқандай, Айгүл тынымсыз еңбегінің арқасында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, одан соң мектеп директоры қызметтеріне көтерілді. Ол салмақты, сабырлы жан еді. Әр істі ой елегінен өткізіп барып, жүзеге асыратын. Жұмыстан тыс кезде ол отбасында аяулы жар, ардақты ана бола білді. Құдай қосқан қосағы Бердіқожа екеуі екі ұл, екі қыз тәрбиелеп, олардың саналы да салмақты, ізетті де ибалы ұрпақ болып өсуіне барынша еңбек етті. Балаларына мейірімді ана бола білді, оларды шексіз жақсы көрді. Біздің бұл жолымыз зейнеткерлікке шыққан соң да жалғасын тапты. Айгүлдің бастамасымен зейнеткер ұстаздар Алтын, Сәния, Фарида, Күләш және мен 2017 жылы Астанаға ЭКСПО көрмесіне бардық. Айгүлдің жүрегі мейірімге толы еді, ол қарапайым еді, әрқашан адамдарды қуантқанды жақсы көретін. Қайда барса да бізге, зейнеткер құрбыларына, сыйлық ала келуді ұмытпайтын. Айгүлдің жарқын бейнесі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады. «Қамшының сабындай қысқа ғана ғұмыр» демекші, бәрі бір күнгідей болмай өтіп кетті.

Естелікті жазған: замандасы,
әріптесі Жұмагүл Ілиясқызы

Жаны жайсаң жандар еді....

Бұл өмірде өзі ерекше жаратылған жандар болады. Сол жандар ұзақ ғұмырын бала тәрбиесіне арнаған асыл әке, аяулы ана, өнегелі ұстаз Бекен аға мен Айгүл тәте еді...

Иә, жаратушы иеміз адам баласына қайталанбас ғұмыр сыйлағанымен, уақыт сағаты жеткенде сұм ажал өз құрығын салады екен. Сол ажал Айгүл тәтемізді бір алып, араға екі үш ай салып Бекен ағаны да қабырғамызды қайыстырып, өзегімізді өкінішке толтырып алып кетті. Жазмыштан озмыш жоқ екеніне тағы бір мәрте көзіміз жетті.

Бердіқожа аға мен Айгүл тәте екеуі жоғары оқу орнын бітіріп, мектепке мұғалім болып келгенде біз жетінші сынып оқушысы едік. Сол кезде Бердіқожа аға бізге сынып жетекші болды. Айгүл тәте ағылшын тілінен сабақ берді. Бір кездері оқушысы болсақ, бертін келе біз де мұғалімдік жолды таңдап, бір мектепте қызмет еттік. Содан бері отыз жыл зуылдап өте шығыпты...

Айгүл Байдаулетқызынан басшы ретінде тәлім тәрбие алып, рухани дүниемізді байытсақ, үй ішімізбен араласып, дос, аға, әпке ретінде сыйласып, сырласатынбыз. Бердіқожа аға бауырымыздай қамқорлық жасап, Айгүл тәте әпкеміздей жанашырлық танытып, жүрегінің жылуын сыйлап, қашан да жол көрсетіп отыратын.

«Өлді деуге бола ма, ойландаршы...

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған», деп Абай жырлағандай, ғұмырын жалғастырар ұлдары, қыздары, немерелері, білім берген шәкірттері арттарына қалдырған мол мұрасы деп білемін.

Сөз соңында отбасына, балаларына, бауыр, туыстарына Алла тағала сабыр берсін деймін. Қос ұстаздың парасат пен ізгілік нұрын сепкен асыл бейнелері мәңгі есімізде сақталады.

Математика пәнінің мұғалімі,
зейнеткер ұстаз Нүсіпова Сара
Құрманғалиқызы

Жадымызда жарқын бейнеңіз...

Өмір! Сырт қарағанда кереметтей мағыналы сөз емес сияқты көрінеді. Алайда, астарына үңілсең, өмір дегеннің адамзат баласына бір –ақ рет берілетін аяулы сәттер екенін сезіне бермейміз. Әсіресе, өзіңе қымбат жандар өмірден озғанда өмірдің мәнін айырықша сезінесің.

Пенжім ауылының киелі қара шаңырағы А.Розыбакиев атындағы орта мектептен ұстаздық еңбек жолымды 2003 жылы жалғастырдым. Ол кезде Айгүл Байдаулетқызы мектеп директоры еді. Салмақтылығы мен сабырлылығы, ақылы мен парасаты үйлескен, жаны жайсаң, рухани бай ұстаз болатын. Иә, рухани бай. Себебі, қарапайым ғана қалың көк дәптері бар еді. Біз ондай дәптерге күнделікті сабақ жоспарын жазсақ, айгүл Байдаулетқызы өзіне ұнаған, өмірлік мәні бар нақыл сөздерді теріп жазатын еді. Кабинетіне кірген мұғалімдерге өзіне қатты ұнағанын оқып беріп, мағынасын талдап отыратын. Қазақ халқының бай ауыз әдебиетіне мұндай қызығушылық қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беретін мұғалімдердің өзінде жиі кездеспейтіні шындық.

Айгүл Байдаулетқызының тағы бір жайсаңдығы дауыс көтермейтінінде болатын. Қатты дауыс шығармай -ақ, сыпайы түрде шешен тілімен өткір сындарын талайдың шымбайына батырғанына талай куәгер болғанымыз бар.

Жүрегі жұмсақ, жаны жомарт Айгүл Байдаулетқызы туралы естелігімді жыр шумақтарыммен аяқтағым келеді:

Бәйтеректей бұтақ жайған мәуелі,
Айгүл апай ақылымен әдемі.
Күн секілді мейір төгіп тұратын,
Шын мәнінде жаны жайсаң жан еді.

Бір қарап- ақ түсінетін жаныңды,
Мінезі алтын, өйткені өте сабырлы.
Кемшілігің көзге ұрып тұрса да,
Жұрт алдында сындырмайтын сағыңды...

Жас маманға өте көңіл бөлетін,
Болашағы әлі алда деп сенетін.
Небір қиқар мінездерді ақылмен,
Сәл жымиып, үндемей- ақ жеңетін.

Сыпайылық – сізге ғана тән қылық,
Жақсы адамды «жақсысың» деу заңдылық.
Айгүл апай – ұстаздардың ұстазы еді,
Есімізде қаласыз сіз мәңгілік!

Қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі
Сатыбалдинова Зәуре Бексұлтанқызы

Парасаттылығымен есімізде қалды

Асыл жар, аяулы ана, сүйікті әже Айгүл Байдаулетқызының өмірден озғанына 5 айдың жүзі өтіп кетті. Ал Айгүлдің жолдасы Бердіқожаның да өмірден озғанына міне 40 күн толып отыр. Мен екеуімен де 1989 жылдан А.Розыбакиев атындағы орта мектепте бір ұжымда қызмет істеп барлық қызықтар мен қиындықтарды бөлісіп, жақын сыйластық. Айгүлмен әріптес жағынан ғана жақын емес едік, құдашалық да жақындығы да бар еді. Айгүл Байдаулетқызын еске ала отырып, ол кісінің жібектей жұмсақ мінезі, парасаттылығы мен ұстамдылығы, шыдамдылығы барлық әріптестерінің ойында қалды деп ойлаймын. Біз Айгүл Байдаулетқызының отбасымен отбасымызбен, туған-туыс, бала-шағамызбен өте қатты сыйластық. Жақсылықтарының барлығын да бірге бөлісіп жүрдік. Амал қанша, тағдыры солай болған шығар. Айгүлдің жұбайы Бекең музыка пәнінің маманы еді. Олар отбасында екі ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірді. Туыстан да жақын сыйласқан қос досымызды еске ала отырып, жандары жаннатта, тәндері рахатта болсын демекпін.

Қойбағарова Сания Смаділқызы.

ТАРИХТЫҢ ТЫЛСЫМЫНАН СЫР ІЗДЕГЕН

Тәлейіне туа салып тарихшы болу жазылған жандар бұл дүниеде кемде-кем. Ал біздің кейіпкеріміздің нақтылықпен жазсаң мереке қылатың, қателессең келеке қылатын ғылым саласын таңдауының өзі бір хикая. Қали Тұрдығазыұлы Ибрайымжанов 1966 жылы 9 ақпанда Жаркент өңірінің Лесновка (Менің қазақшалауымша Тоғайлы ауылында) ауылында өзіндік тарихы қалыптасқан, шежірелі қарты бар отбасында дүниеге келген. Тарих қойнауына бет бұруына да тікелей себепкер болған дүние – жасынан төбесі тесік, көп нәрседен құлағдар болып атасының бауырында өскендігі.

Тарих атты шежірелі саланы таңдауының басты себебі, қазыналы атасы мен оның жан-жағын қаумалаған көргені көп, тұрмысқа көнбіс қәріқұлақ қариялардың өмірдің әр саласынан тартып қилы-қилы, бұраланды әртүрлі әңгімелерін естіп ержеткендігінен болар. Балалық шағы туралы: «Е, балам, біздің Жаркент өңірінде – Аралбай, Сатай, Шойнақ, Нұржеке, Әтіке, Мұқайдай батырлар мен Стамшал, Мұқадай болыстар, Жұмабектей мергендері, тағы да басқа көптеген асылдары өткен» деп ұзын сонар әңгімеге кезек беретін. Сол мезетте ой-санада үлкен қопарылыс болып, құлақ естіп, көз көрмеген ғажайып бір

әлемге еніп, ұшқыр қиял көз жетпес көкжиекке алып ұшатын», – деп Қалидың өзі де тебірене еске түсіреді.

Талаптың тұлпарын тізгіндеп мінген жігерлі жігіт орта мектептегі оқуын жақсы бағамен тәмамдап, әскери борышын өтеуге шақырылды. Өзінің азаматтық борышын абыроймен атқарып келген жас жігіт әскерилер берген мақтау қағазымен үлкен шаһардағы жоғары оқу орнына қиналмай түсті. Көңілдегі көрікті ойларға көлеңкесін түсірген 1986 жылғы Ұлы Желтоқсан көтерілісі болды. Жүздеген жылдар бойы отаршылдыққа қарсы бас көтеріп келе жатқан қазақ халқының азаттық туын 86-да жастар көтерді. Кеңестік бір жақты билікке қарсы студент жастар шеруіне «Менің Қазақстаным» өлеңін айтып Қали да қосылды. Өзі айтпақшы «Мен алғаш рет осы кезде белгісіз бір түйсік арқылы ұлттық рухты жан дүниеммен сезініп, көзіммен көрдім» дейді. Құдалау оқудан шығарумен тынды. Бірақ көңілде Кеңестік билік «халық жауы» атандырғандай кетпес дық қалды.

Қалидың Желтоқсан көтерілісінен кейінгі тағдыры түрлі арнамен толқыды. Алайда бала кезінен тарихқа құмар, құштар көңіл ақыры өз дегенін істетіп, 2006 жылы Түркістан қаласындағы Қазақстан-Ресей университетінің тарих және география факультетін бітірді. Алғашқы курстардан-ақ студенттер арасында университет бойынша тарихтан ғылыми-теориялық конференцияларға қатыса жүріп болашақ бағдарын анықтап алды. 2016 жылы Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің тарих мамандығы бойынша магистратура бөлімін тамамдап, гуманитарлық ғылымдар магистрі академиялық дәрежесін алған. Ауыл түлегі өзі туып өскен аймақтың өрінде, тау сағасында орналасқан Еңбекші ауылындағы Е.Сыпатаев атындағы орта мектепке тарих-география пәнінің мұғалімі болып орналасты.

Еңбекші – ежелгі адамдардың мекендеген қонысы көптеп кездесетін, бағзы заманның ескерткіштері қарай қалсаң оныңнан да солыңнан да кездесетін жер, тек аңғара біл. Қолынан қойын кітапшасы түспейтін Қали тастағы таңбаларды, петроглифтерді түртіп алып, болашақта керекке жаратуды бағамдап жүретін. Шындығында да ежелгі таңдағы осындай тасқа түсірілген құпиялы өрнектер «Ырғайлы сайдағы құпия жазулар» мақаласын жазуға ұйытқы болды.

2010 жылы Жаркент өңірдегі білімнің қара шаңырағы саналатын Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепке тарих пәнінің оқытушысы болып орналасқан Қали Тұрдығазыұлы шәкірттеріне сабақ бере жүріп бар ынтасымен өзі туып өскен өңірдің өткеніне ой жүгірте бастады. Тарихшы дипломын алып, күнделікті сабақ жоспарының басын қайыра алмай жүргендерге қарағанда Қалидың атқарған жұмысына жора-жолдастары қатты сүйсіне қарайтын. Қали үшін өткенге тарихи көзқараспен қарап, елімізің жүріп кеткен кездерін зерделеп шығуға қамшы болған 2015 жылы шілде айында Таразда болған, өзі қатынасып қайтқан «Ұлы Жібек жолы және Қазақ хандығы мыңжылдықтар тоғысында» атты Халықаралық тарихи-археологиялық конференцияның маңызы зор болды. Археологияның, тарихтың тарамысын суырған небір білгірлердің сөзін тыңдап қайтты. Солардың сөзінен ғибрат алды. Шәкірттерін ғылыми жұмысқа бейімдеп, бағыт-бағдар беріп, оқушылардың аудандық, облыстық ғылыми-теориялық конференцияларына ерінбей жүріп дайындайтын. Мысалы, «Жетісудың Жаркент өңірінің білім тарихына қысқаша шолу» мақаласының өзегі аудандағы 1870-1931 жылдардағы білім саласының дамуына тоқталған алғашқы зерттеу жұмыс болып табылса, осы еңбектің жазылуына, зерттелуіне өз шәкірттерін баулыды. Мұндай ізденіс жұмыстарға құлшына ат салысқан шәкірттері көптеп саналатын. Тарихқа қызыға жүріп, ізденушілікке ұмтылатын, осы істері өздеріне ерекше шабыт беріп, ойларына қанат байлайтын. Елімізде дарынды балаларға анықтауға арналған арнайы «Дарын» ғылыми жобалар жарысы мектептер арасында бәсекелестікпен өткізілетін. Мұнда да Қалидың білімді шәкірттері топ жаратын. Оқыта жүріп, тарихи оқиғаларды талдап айтып, талай шәкірттің туған жерге деген сүйіспеншілік қасиетін оятып, бойындағы намысын жанып, патриоттық рух беретін.

Білуге деген құмарлық – жақсы аурудың түрі. Сабақтан тыс уақыттарда, жазғы каникул кездерінде ел кезіп кететіні бар. Ертерек дүниеден өткен атасы секілді сұңғыла әңгімешіл, шежірелі қарттарды іздейтін. Сұрай-сұрай Меккеде болса да тауып, сағаттар бойы қолынан қаламы түспей, қарттардың аузынан шыққанын хатқа түсіретін. Сарылып, сарғайған бетін бес батпан шаң басқан «Дело» деген жазуы бар құжаттармен қуықтай тар бөлмеде орналасқан архивтік материалдармен жұмыс жасады. Сабыр түбі сары алтын дегендей, сарғайған қағаздар мұратқа жеткізді. Нәтижесінде Қалидың қаламынан 2016 жылы тарихи-танымдық «Тұлпардың тұяғымен жазылған тарих» атты кітабы жарыққа шықты. Қалидың еңбегімен танысқан оқырмандардың шығарманың соншама құнды екендігін кітаптың атынан-ақ аңғарары сөзсіз. Кітапта Қазақ халқының қалыптасу кезеңі, оның алғышарттары, дүниені дүр сілкіндірген Шыңғысхан дәуірі, қазақ даласындағы тайпалар тарихы қамтылған.

Қали Тұрдығазыұлы қала ішіндегі №6 орта мектепке ауысып тарих пәнінен орыс кластарына сабақ беріп, жемісті еңбегін жалғастырды. Ұстаздар арасында өткізілген облыстық, республикалық шығармашылық байқауларда үздік көрініп, бұл педагогикалық ортада да үлкен беделге ие болып, ұжым алдында жүрді. Өзекті тақырыптарды жазудан жалықпайтын тарихшының мақалалары «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Президент және Халық», «Алаш ұстазы» т.б. республикалық баспасөз беттерінде жарияланып тұрды. Көп жылғы баспасөз саласындағы еңбектері ескеріліп 2017 жылы Қазақстан Журналистер одағына мүшелікке қабылданды. Жаркент өңірі қаламы жүрдек тағы бір қаламгермен толықты. 2019 жылы Алматы облысы әкімінің қолдауымен Жетісу жерінің қабат-қабат тарихы тасаланып жатқан Жаркент өңірінің өзге жұртқа беймәлім қырлары баяндалған «Жаркент өңірі: Өткені мен бүгіні» атты тарихи-танымдық зерттеу еңбегі жарық көрді. Тарихшы Жаркент өңіріндегі ежелгі қалалар, олардың орны, тастарға таңбаланған жазулар, осы өңірден шыққан тарихи тұлғалар туралы өзгеше сөз қозғайды. Архивтің сарғайған бүктелген, бүркемеленген қағаздарында елдің ерте кездердегі білімге деген құштарлығы және елді мекендердегі оқу-ағарту жұмыстарының даму тарихы сақталған екен. Қалың жұрт қуана қолына алып, көп мәліметке қанықты. Қазақы өмірді көріп жүріп түйгені көп, атадан алған тәлімді тәрбиелі мол мұрасын жаңа туындысына арқау етті.

Ел тарихы, жер тарихы туралы көлемді ой қозғаған өзі тарихшы, журналист, іскер азамат жоғарыдағы органдарда отырғандардың көзіне түсе бастады. Аудандағы жұмысы ақсап тұрған саланың бірі – Жаркент қалалық «Жауынгерлік Даңқ» музейіне меңгерушілік қызметін ұсынды. Талай жылдардан бері туған өлкенің тылсым тарихын санасына сіңіріп өскен елжанды жігіт жұмысты тәжірибелі жандардай тоқтатпай алып кетті. Шағын ұжым болса да көтерер жүгі ауыр мұражайдың бағдарламасын жасап, жұмысын жолға қойды. Еліміздің өткені мен кеткенін кейінгі ұрпаққа дәріптеу жұмысын, мұражай экспонаттарын тиімді пайдалануды, насихаттауды ретке келтірді. Оқушылар мен еңбек ардагерлерімен, еңбек ұжымдарымен кездесулер өткізілді. Жаркент өңірінен шыққан тарихи тұлғалардың естелік заттарын жинастырып, мұражайдан орын берді. Атағы әлемге мәлім Халық суретшісі Ә.Кастеевтің салған суреттері мен жеке басының пайдаланған заттарын қойғызды. Сол сияқты жерлесіміз, ақын, этнограф, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Панфилов ауданының, Алматы облысының Құрметті азаматы Ә.Төреханұлының жеке басының заттары қойылды. Даңқты Дөнен би Бітігенұлының да күміс мөрі мұражайдан мәртебелі орнын тапты. Осы мақаланы жазып отырған автордың 1997 жылдан бастап жинап жүрген Үйсін дәуіріне қатысты археологиялық жәдігерлері де хатталып, тізімделіп мұражайға өткізілді. Әлі де тарихымызға қатысты ел ішіндегі тарихи жәдігерлер жиналу үстінде.

Өткен ғасырдың басындағы аумалы-төкпелі заманда, ағы мен қызылы қырқысқан кезеңде есімі мұқым қазақ сахарасына кеңінен таралып, тарихи тұлғаға айналған батыр туралы «Мұқай батыр» публицистикалық зерттеу еңбегі «Принт-Плюс» баспасынан 2020 жылы басылып шықты. Атасының қасынан шықпайтын зерек баланың жасы үлкен қариялардың алдында отырып естіген әңгімелері текке кетпегендігі дүниеге келген мына құнды дерекке толы кітаптан көрінді. Шығармашылығы мен мәдени жұмысты ұштастыра жүргізгендігінің нәтижесіде көп ұзамай өз жемісін берді. 2021 жылы Астана қаласында өткен Мәдениет және өнер қызметкерлерінің қәсіби мерекесіне орай ұйымдастырылған мәдениет және өнер саласы ұйымдары мен қызметкерлерінің «Рухани қазына – 2021» онлайн фестивалінде «Үздік аудандық (қалалық) маңызы бар мемлекеттік музей қызметкері» номинациясы бойынша жеңімпаз болып, Мәдениет министрлігінің дипломымен марапатталып және қаржылай сыйлыққа ие болып, үлкен жетістігімен Жаркент жұртшылығын қуантты.

Қалекең, жоғарыда атап өткеніміздей Желтоқсан көтерілісінің ызғарын сезініп, жаны жараланған жан. Тәуелсіздік үшін күрескен қайсар рухты кейіпкеріміз кейіннен тиісті органдарға арызданып, облыстық прокуратура шешімімен ақталып шықты. Осылайша тарихи әділеттілік қалпына келіп, Қали Тұрдығазыұлы қазақтың қыршын жастары ақырып теңдік сұраған, қызыл империяның қабырғасын қаусатып, іргесін шайқаған көтерілістің белді қатысушысы екендігін дәлелдеп шықты.

Иә, әріптесіміздің топырағы тылсым тарихты жасырған Жаркент жерінде әлі де тынымсыз еңбек етеріне сенімдіміз. Оның жарқын айғағының бірі – екі тарихшы, бір жазушы үшеулеп ашып, аяғынан тік тұрғызған, биыл төртінші жылға аяқ басқан, отаншыл жұрт сүйіп оқитын қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық «Жаркент айнасы» газетінде өнімді еңбек етіп келе жатқандығынан көрінеді. Биылғы 9 ақпанда «бөрі сырғақта» туылған көкжал мінезді әріптесіміз 56 жасты еңсерді. Қаламын нағыз шабытпен сілтейтін, кемел жасқа келген әріптесіміз Қалиды меншікті мерекесімен құттықтаймыз.

Молот СОЛТАНАЕВ,
«Жаркент айнасы» газетінің Бас редакторы.

«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ
Меншік иесі: **«БАҚ» ЖК**
Директор – **Дархан БЕЙСЕНБЕК**
Бас редактор – **Молот СОЛТАНАЕВ**
Бас редактордың орынбасары – **Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ**
Дизайнер – **Әділет МҰСАХАЕВ**

Газеттің эл.почтасы:
jar-aina@mail.ru

➢Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.
➢Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
➢Газет индексі - 65161
Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
➢Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
➢Газет Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кентіндегі «Принт плюс» баспаханасында басылды. Офсеттік басылым.
➢Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:
Алматы облысы,
Жаркент қаласы,
Е.Сыпатаев көшесі,
242 үй, 14 пәтер
Тел.: 8/705/412-78-48;
8/705/277-16-91;
8/777/971-57-67
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.
Тапсырыс: №15789